

Э. Модерзон



ШАЙТАННЫҢ  
ШЫРМАУЫНДА

**Эрнст Модерзон**

# **ШАЙТАННЫЦ ШЫРМАУЫНДА**



**«ШЫРЫС  
СӘУЛЕСІ»**

УДК 2  
ББК 86.3  
Ш-90

ноңдағы тонд

М 65 Модерзон Эрнст  
Шайтанның шырмасы – Алматы: «ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»,  
2009 – 100 бет

ISBN 9965-896-11-9

Бұл кітапта жақсылық пен жамандықтың айқасы туралы  
жазылған. Автор өмірден алынған көптеген мысалдар  
арқылы бізге жын-шайтан тудыратын сансыз қауіп-  
қатер жөнінде айтады.

УДК 2  
ББК 86.3

Қазақ тіліне аударған: “ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ” баспасы

M 0403000000  
00(05)-09

ISBN 9965-896-11-9

“ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ”, 2009

**Азғырылмау үшін сергек болып,  
сивиңіп мінажат етіңдер.**

*Матаї 26:41*

## **Алғы сөз**

Мен бұл кітапта оккультизм саласындағы ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін келтіруден аулақпын. Менің алдымға қойған мақсатым – түрлі арбау амалымен қапыда шайтанның шырмауына түсіп қалып, енді содан қалай құтылуудың жолын білмейдал болған адамдарға қол ұшын беру. Соларға шын ниетіммен көмектесіп, ақыл қосып, тыныштыққа аппаратын азаттық жолын көрсетсем деймін. Сонымен қатар, ырымға беріліп шайтанның торына түсіп қалған, бірақ мұнысынан бейхабар қаперсіз жандарға да көмектескім келді. Мұндай адамдарға бақсылық, жауырын қарау, тәуіптік, құмалақ салу, карта ашу, астрология, сөуегейлік, дуалау, көз байлау, магнетизмнің арты жақсылыққа апармайтынын түсіндіруге және көрсетуге тырыстым. Бұларда қара түнектің өктемдігінен құтылуға талпыныс жасау сезімін оята алсам, ойымның жүзеге асқаны деп білемін. Үшіншіден, Құдай Сөзін уағыздаушыларға да көмек беруді ойладым. Амал не, кең етек алған сиқыршылықтың күнә екендігі туралы аз айтылып жүр. Көптеген адамдардың Құдайға жол таба алмай, адасып журулерінің себебі де дәл осыдан.

Менөзбасынан еткентәжірибелерге сүйеніп айтқан куәгерлерге көбірек сөз беруге тырыстым. Өйткені, сөзбен ұқтырудан гөрі шайтанның шырмауынан

құтылған адамдардың қуәліктерін айғақ ретінде келтіріп түсіндіру ұтымдырақ болатыны белгілі.

Жоғарыда айтылған мәселелер төнірегінде «Тәнір алдындағы пәктік» атты апталық газетте мақалаларым жарияланғаннан кейін, мен адамдардан көптеген хаттар алдым. Хат иелері өмірлерінде өзгеріс болмау себептерінің сырын енді ғана түсінгендерін жазыпты.

Мен осы кітапта айтылған айғақтар арқылы өлі де шайтанның шырмауында жүрген жандардың қараңғы түнек басқан саналарына Құдайдың нұр шапағаты төгілсе, көптеген адамдарға өздерінің бұғауда екендерін сезініп, Құдайдың ғажайып жарық өлеміне қол созуларына мүмкіншілік берерін қалар едім.

Эрнст Модерзон, Бад-Бланкенбург 1924 ж.

## Мен неліктен осы кітапты жазуға бел будым?

Осьдан бірнеше жыл бұрын Элиас Шренктің уағыздарын тыңдаған едім. Ол сиқыршылықтың күнө екендігін және бұл істе Құдайдың есімі жи қолданылатыны туралы айтты. Сонда мен іштей: “Ол бұл туралы неге көп айта береді? Біздің заманымызда мұндай істермен айналысушылар жоқ қой. Шынымен-ақ әлі де бақсы құшынаштар мен сиқыршыларға сенетіндердің бар болғаны ма? Біздің қазіргі жаппай сауаттылыққа жеткен кезімізде ырымшылдыққа жол берудің жөні жоқ қой” – деп ойладым.

Бірақ мен көп кешікпей жан қамқорлығы ісінде біртіндеп тәжірибе жинақтай бастадым: бұл істе қауым қызметкерінен гөрі жи ел арапап жүретін уағызшының мүмкіндігі мол. Маған көптеген адамдар келіп, өздерін еріксіз Құдайға тіл тигізуге итермелеген қара күштер туралы айтып шағымданатын. Олар ойларына жүректен шықпаған сөздерді әзәзіл зорлап енгізетінін сезінеді. Бір белгісіз қара күш олардың ойларында Құдайға қарсы ойларды туындарады. Құдайға, дәлірек айтқанда Киелі Рухқа қарсы мұндай ойлар әсіресе олар мінәжат етуге, Киелі кітапты окуға немесе жиналысқа баруға қамданған сәттерде пайда болады.

Мен осы ауыр жайға душар болған адамдармен жақынырақ сұхбаттасқанда, олардың жас кезінде немесе балалық шақтарында “дуаланғандары” анықталды. Сірә, қарт Шренктің жи айтқандары дәл осының өзі болса керек. Бірақ та сол кезде мен Құдайға қарсы ойлардан азап шеккен адамдардың

бұрынырақта дуамен қатысы болғандықтарына жәйғана кездейсоқтық деп қарадым.

Мұндай жайттардың жиे кездескені сондай, мен мұнда бір ішкі байланыс бар болар деп күдіктене бастадым. Айтса айтқандай, дуалау Құдайға тіл тигізуге алып келеді еken. Маған мұның түсінікті болғаны соншалықты, Құдайға тіл тигіздім деп айтушылардың сөзінің соңын тоспай-ақ оларға: “Сіз жас кезінізде дуалаушыға барғансыз ғой?” – деп нық сеніммен айтатын болдым. Олар көбіне: “Оны қайдан білдіңіз?” – деп үрейлене, әрі таңдана сұрайтын. Мен оларға өзімнің Ізгі хабарды уағыздау тәжірибемде ондайларды көп кездестіргенімді және Құдайға тіл тигізу әрқашан да сиқыршылық, яғни дуаланудың салдарынан болатынын айтатынмын. Кейбіреулер ештеңе білмейтіндерін тілге тиек етіп, азар да безер болды. Сонда мұндайларды анық-қанығын аналарынан сұрап біліп келуге жіберетін болдым. Ал оның нәтижесі көбіне дерлік: “Иә, солай болған еken”, – деумен аяқталатын.

Ал ата-анасы қайтыс болған немесе олар өздерінің дуаланғандарын мойындаудан үзілді-кесілді бас тартқанжағдайdamұныдәлелдеуқынғатүсетін. Бірак осы қауіпті байланысты жие кездестіргенім сондай, тіпті оны дәлелдеу мүмкін болмаған жағдайдың өзінде мен осы адамдарға дуалаушылықтың қатысы барлығына шубә келтірмейтін болдым. Тіпті кейде ата-аналары болған істі жасырып, арбаушымен ешқашан араласпағанын айтып ант-су ішетіндері бар. Мұндайда балаға көмек бола ма деген ниетпен босандырып алушы жаңа туған сәбиге дуа оқыған. Тюрингиядағы бір деревняда босандыруши әжей

ондаған жылдар бойы әр жаңа дүниеге келген нәрестені дуалаган.

Уақыт оза келе тағы да бір шындыққа көз жеткіздім. Менің жан тыныштығын қажет еткен адамдармен жиі әңгімелесуіме тұра келетін. Оларға Құдайдың рахымшылығын түсіндіріп, Құтқарушыға сенім арту керектігін айттым, бірақ амал не, көбінің талпыныстары мен мінәжаттары нәтижесіз болып, олар сенімге келе алмады. Дуалау олардың тәубеге келулеріне кедергі келтіретін.

Көпшілігі тәубеге келгенімен, шынайы тыныштыққа ие бола алмады. Олар қайтадан: “Мениң Құдай шынымен-ақ қабылдады ма? Құдай менің күнәларымды шынымен кешірді ме?” деген күдікті ойдан арыла алмады. Олардың құлағына әлдекім: Сені Құдай қабыл еткен жоқ, өлімге душар боласың! Барша талпыныстарың бос әурешілік!” – деп үнемі сыйырлап тұратында сезім пайда болған.

Содан соң көріпкелдікке сенген-сенбегендеріне қарамастан, балгерлерге өз болашағын білу ниетімен карта ашуға ерік берген адамдармен де дәл осындай жағдай болады деген тұжырымға келдім. Бұл, тіпті, өзіл үшін аштырған күннің өзінде де әлгі нәтижеге өкеледі. Киелі кітап курсында болған оқиғаны ешқашан ұмытпаспын деп ойлаймын, орайы келіп тұрғанда соны сіздерге де айтып берейін.

Бір жас жігіт шын пейілімен Құдай жолына түсуге ниеттенеді. Ата-анасы сенуші болғандықтан, ол өзінің де тәубеге келуі керектігін билетін. Мен оған сенімге аппаратын жолды нұскап, екеуіміз бірігіп мінәжат еттік, бірақ онымыздан ештеңе шықпады! Біз қайтадан әңгімелестік, бірақ бәрі бекерге кетті

– мен діттеген мақсатыма жете алмадым. Сонда курсымызда оқитын тәжірибелі бауырласты бізben бірге мінәжат етуге шақырдық. Бірақ ол да сол мақсатқа жетпеді. Үшінші бауырластың да көмегі нәтиже бермеді. Сонда мен әлгі жігітten оның арбаушымен қарым-қатынасы болған-болмағанын сұрадым. Ол мұның мүмкін емес екенін, ата-анасы сенуші адамдар болғандықтан, олардың мұндайға жол бермейтіндіктерін айтты. “Ал өзіңнің қатысын болған жоқ па?” – деген сауалға ол студент шағында картамен бал ашуышыға барып, болашағын айтып беруді сұрағаның құле отырыпесіне алды. Сонда мен оған: “Міне, сенім жолына түсе алмауыңың себебі осы. Сен қара қүштердің ықпалынан шыға алмай жүрсің”, – дедім. Бұған сене алмаған жас жігіт күліп: мұның себебінің осы болуы мүмкін еместігін айтты. Жас жігіт менің кеңестеріме құлақ аспады, сөйтіп өз жанына тыныштық таба алмай үйіне қайтты.

Осындай жайларды өте көп кездестіргендіктен, мен өз уағыздарымда осы мәселе туралы жириек айтатын болдым. Сөйтіп, ертедегі бақташи Шренк секілді, менің де тыңдаушылардың назарын осы мәселеге аударуыма тура келді. Соның нәтижесінде осы күнәнің шырмауында жүргенін айтып, шағым жасаған адамдар менімен сөйлесуге көптеп келетін болды. Арбаушымен қатынаста болған адамдармен көбірек кездескен сайын, бұл туралы газетке кеңірек жазудың қажет екенін сезіндім. Соның нәтижесінде маған осы күнәні мойындаған хаттар көптеп келе бастады. Қазір күн сайын дерлік әлдекім ауызша немесе жазбаша түрде осы мәселемен бөлісетін болды.

Жан қамқорлығы тәжірибесінен білетінім бойынша айтсам, өзөзілдің сүмдық күнәға батырар айласы адамдардың арасында кең тараған және осы күнәнің азабын арқалап, шайтанның шырмауынан шыға алмай жүргендері қаншама. Адамдарға қамқоршылық жасаушылардың бұл туралы аз айтатындарына және басылымдарда оккультизм мәселелері жарық көрмейтініне таңдануға тұра келеді. Дуалауды халық медицинасының тәсілі деп есептейтіндер шайтанның билігінде. Мәселен, ауырған кезде немесе сүйелден арылу үшін адамдардың көпшілігі дәрігерге барудың орнына “көмектесе алатын”, “ауруды дуалай алатын” балгерлерге баратын жайлар көптеп кездеседі. Рас, оның көп жағдайда септігі тиеді. Сондықтан да көпшіліктің пікірінше дуалау залалсыз, тіпті, ізгі іс болып есептеледі. Әсіресе, мұндайда Құдай есімдері қолданылса, тіпті ерекше!

Балгерлерге барушыларғана емес, өздері осымен айналысатындар да солай деп есептейді. Олар бұл пайғамбарлар қалдырып кеткен Киелі кітапқа сай көне емдік тәсіл, мұны сиқыршылық және күнә деп санайтындар тәубелеріне келулері қажет деседі. Бірақ мен дуалауды сенімнен, Құдаймен қатынастан және мәңгілік өмірден ада ететін ауыр күнә екенін саналы түрде айтамын. Дұшпанның айла шеберлігі бұл күнәні зиянсыз, онымен қоймай құрметті және Киелі кітаптан деп сендіруінен көрінеді. Шын мәнісінде, бұл барып тұрған күнәнің өзі, мұны Құдай Сөзі айыптайды және қатал түрде жазалайды.

Жоғарыда келтірілген жайттарды ой елегінен өткізе отырып, мен осы салада жинаған азды-көпті тәжірибемді өздеріңізben бөліссем деген шешімге

келдім. Әлі де адамдардың көпшілігі мұны күнә деп сезінбейді, сондықтан өздерінің өмірлеріндегі ақылға қонбайтын әдеттен тыс жағдайлардың болу себептерінен, неге жан тыныштығын ала алмай отыргандарынан бейхабар. Мен мұндайларға былай дер едім: “Қараңдар! Оның себеп-салдары мынау! Қашан сіздер тәубеге келіп, мұны күнә деп мойында майынша, шайтанның шырмауынан шыға алмайсыздар”.

Адамдарға жан қамқорлығын көрсетушілерге көмектесу де ойымда бар. Жоғарыда аталған күнәлардың ішінде жасырынған қара ниетті күштің бар екенін адамдардың көпшілігі біле бермейді. Бақташылар оларға бұл туралы айтпайды, сондықтан да көптеген адамдар өздерін қинап жүрген кесаптың түп-тамыры осы күнәдан бастау алғанын түсінбейді.

Ұзақ жылдар бойы Ізгі хабар таратушы қызметін атқарғандықтан, Құдай Сөзінің таралуына шайтанның барынша кедергі жасап бағатыны маған көптен мәлім. Елшілік қызметпен бір жақта жиналсам-ақ болды, аяқ астынан өзім немесе жақындарымның бірі науқастанып қалып, қызметіме кедергі жасайтын жағдайлар басымнан жиі өтті. Әрбір Ізгі хабар тарату шарасы шайтанның билік құратын аймағына қол сұғу болып табылады және ол бұған кедергі жасау үшін қолынан келгеннің бәрін істеп бағады. Бірақ дұшпан менің жолыма қаншалықты үлкен кедергі жасаса, алдағы жұмыстан соншалықты мол рақымдылық күтүге болатын.

Елуқундік мейрамында орман ішінде өткен жиналыстардың бірінде үш қызметкер: “Киелі Рух келі-

сімен, Ол осы дүниенің күнәһар екенін әшкере-  
лейді” деген тақырыпта уағыз айттық. Біріншісі –  
“Маған сенбеу – күнә”, екіншісі – “Мен Әкеме бара  
жатырмын” деген тақырыпта сөйлемеді. Ал маған “Сот  
туралы, осы әлемнің билеушісі шайтанға әлдеқашан  
үкім шыққаны туралы” уағыз айтуды ұсынды. Мен  
Құдайдың Голғотада шайтанды биліктен айырып,  
оған үкім шығарғаны жайлышы, енді оның жеңіліс тапқан  
бileuushi екендігі туралы шабыттана күелік бердім.

Осыдан кейінгі аптада менің жағдайым қалай  
болды десеніздерші! Қандай ғана азғыруларды  
басымнан кешірмедім! Бірақ, Құдайға тәубе, Оның  
арқасында бәрінен аман қалдым, Ол өзіне тән  
мейірбандығымен маған көмектесті. Ал шайтан  
болса, мені торына түсіру үшін қандай сұрқия  
істерді қолданбады десенізші! Сонда мен мынаны  
түсіндім: біз шайтан туралы айтқанда және оның  
жеңілгенін ауызға алғанда, әзәзілдің өзімен айқасқа  
түседі екенбіз. Мен осы еңбегімде Киелі кітап  
сиқыршылықтың салдарынан жасалатын күнелар  
туралы және шайтанның шырмауынан қалай құтылу-  
ға болатыны жөнінде не айтатынын көрсетіп, күелік  
еткім келеді.

Құдай бұл кітапты жарылқаушылық құралы ретінде  
қолдана көрсін, шайтанның шырмауына іліккендер  
Тәніріміздің еркіндік қуанышына кенелсін!

## Киелі Жазба не айтады?

Бұл тақырып Киелі Жазбаның көптеген орындарында қарастырылады. Заңдарды қайталау кітабының 18-тарауының 9–14-аяттарына қарайық. Бұл жерде Құдай Мұса арқылы Исраил халқына олар Қанахан жеріне келген кезде ұстанып жүруге тиіс ережелерді береді: “Сен өзіңнің Құдайың Тәнір қоныстандырар жерге аяқ басқанда, сондағы тұратын халықтың жасағанындей жексүрүн істерге үйренуден сақ бол. Сенің араңда ұлын немесе қызын оттан өткізуши, сәуегей, бал ашушы, көріпкел, арбаушы, ырқына көндіруші, аруақ шақырушы, сиқыршы немесе аруақтармен тілдесуші болмауы тиіс. Өйткені мұны жасаушылардың бәрі Тәнір алдында жексүрүн саналады, сондықтан сенің Құдайың оларды араларынан қуады. Өз Құдайың – Тәнірдің алдында пәк таза болып жүр. Өйткені, осы қоныстан мен қуайын деп отырғандар бал ашушылар мен сәуегейлерді тыңдайды, ал сенің Құдайың саған ондайға жол бермеген”.

Бұл жерде Құдай алдында жексүрүн істер деп саналатын күнәлардың тізімі берілген. Біздің көз алдымызға сиқыршылық пен балгерліктің қорқынышты сұрықсыз болмысы мен жан шошынар бейнелері келеді. Құдай мұндай істермен айналысуға айқын да анық тыйым салады.

## **Балаларды құрбандыққа әкелу**

Біріншіден, исраилдіктердің арасында “өз балаларын оттан өткізушилер” болмауға тиіс екендігіне нұсқау берген. Бұл нені білдіреді? Исраил халқы келуге тиісті елде өз балаларын Молохқа құрбандыққа шалатын сүмдыш әдет-ғұрыптар болды. Әдетте тұнғыш балалар құрбандыққа шалынатын. Молох мұсінің ортасы қуыс болатын да, соған от жағылатын. Әбден отқа қызған пұттың қолына сәбілерді салып, олар ауыр азаппен өлетін. Құдайдың сыйлығы – балаларды жансыз бір тұлға үшін құрбандыққа шалу қандай ауыр күнә десеңші?! Осы бір сүмдыш әдет-ғұрып жиіркенішті болып көрінгенімен, бұл исраилдіктер арасында да кездесетін жағдай еді. Бұл туралы біз Патшалықтар туралы 4-жазбаның 17:17-аятынан оқи аламыз. Біздің алдымызда өз қылыштары үшін Ассирияға тұтқынға берілген Исраил халқының тарихы баяндалады. Онда: “Өздерінің ұлдары мен қыздарын оттан өткізіп, балгершілікпен, сиқыршылықпен айналысып, Тәнір алдында ұнамсыз істерді істеп, Оның қаһарына ілігеді” делінген. Мұндай сүмдыш жағдайлар тек Исраил халқындаған емес, Солтүстік патшалықта да болды. Балаларды құрбандыққа әкелетін Молохтың тас мұсіні бүкіл Яһудеяда да орын алды. Тіпті Яһудея патшасы Ахаздың өзі “Жаратушы Ие Исраил ұлдарының арасынан құған халықтардың жексүрүн істеріне еліктеп, өз ұлын оттан өткізді” (4Патш. 16:3). Бұл жерден біз Құдайдан қорқатын Езекия патшаның ұлы Манассия туралы да оқимыз: “Ол да өз ұлын оттан өткізді, бал ашты, өзінің сарайында

аруақтарды шақыратындарды, сиқыршыларды ұстады; Тәнірге көптеген ұнамсыз жексүрын істер істеп Оның қаһарына ілікті” (4Патш. 21:6).

Қазіргі күндері де әлі дүниеге келмеген балаларды құрбандыққа шалу оқиғалары өте жиі кездеседі. Осы күні жасанды түсік тастатып, Құдайдың жарылқауы болып саналатын сәбілерді өмірге келтірмей өлтіру біздің тарихымыздағы қара таңба болып табылады. Қазір адамдар балаларға Құдайдың жарылқауы емес, мойынға ілінген ауыртпалық ретінде қарайды. Бұл салада дұшпан әлі де өте күшті әрекет етуде!

### **Сәуегейлер**

Занды қайталау кітабының 18-тарауынан біз сол кездегі сиқыршылықтан туындейтын күнәлар туралы оқимыз. Онда сәуегейлер, бал ашуышылар, түс жорушылар және т. б. жөнінде айтылады. Сонда бұлар кімдер? Целлердің «Киелі кітап сөздігінен» мынандай жолдарды оқимыз: “Бал ашуышылар түрлі әдістерді қолдана отырып, біздер үшін беймәлім рухтар әлеміне еніп, қара ниетті шайтан күштерімен байланыс жасайды”.

Адамдар сәуегейлік жасауға қалай жетті? Адам жүрегінің түкпірінде болашақтың құпиясын ашсам-ау деген тілек жасырынып жатыр. Көптеген адамдар алдағысын болжауды, өздерін не күтіп тұрғанын білуді армандайды. Бұл сұрақтарға Құдай Өзінің Сөзі мен Киелі Рухы арқылы жауап береді. О дүние және болашақ туралы білуге тиіс нәрселерімізді бізге Киелі кітап ашып береді. Одан біз Құдайдың перзенттері болғандықтан Мәсіхпен бірге Оның

мұрагерлері болатынымыз, егер біз үшін шындық салтанат құратын жаңа жер мен жаңа аспанның бар екеніне кәміл сенсек, онда Мәсіхпен мұралас болатынымыз туралы оқимыз.

Бірақ адамдар Құдайдың айтқандарына онша қанағаттанбайды. Олар көбірек білгілері келеді. Егер Құдай бұл тілекті қанағаттандырмаса, онда адамдар айналма жолдар арқылы өздерін болашақта не күтіп тұрғанын білуге тырысып бағады.

Егер адам өмір жолымен қалай дұрыс жүруді білгісі келсе, Құдай Өз Сөзін, Өзінің Киелі Рухын берді. Сол арқылы бізге жол сілтейді, жауап береді және бір дербес шешімге келтіреді. Құдай бізге Киелі Рухымен жетекшілік етеді. Бірақ бұл құнды жетекшілікке біз тек Оның перзенттері болып қабылданғанда ғана қол жеткіземіз. Елші Пауыл Киелі Рухтың жетелеуімен өмір сүретіндердің бәрі де Құдайдың балалары екендігін айтады. Құдайдың балаларының санатында болу Киелі Рухтың жетегімен біртұтастықта. Адамдар белгілі бір шарттарды орындағысы келмейді, Құдайдың жетегінен бас тартып, өзге жолдарды іздейді. Олар өздерін Құдай қанағаттандырмаған жағдайда сәуегейлерге иек артады, сөйтіп, Құдай айтпағанды осы сәуегейлер арқылы шайтан айтады.

Әр халықта болашақты болжау сан түрлі дамыған. Алдағыны болжау негізінде – құдайлар болашақта не болатының біледі, сондықтан адамдар сауалды дұрыс қойып, олардың берген белгілерін дұрыс түсіне білсе, онда бұл сыр адамдар алдында ашылады деген ой жатыр. Бүкіл пүтқа табынушылар дүниесі қара ниетті күштің ықпалында болғандықтан, жын-

перінің араласуынсыз, оның ықпалынсыз алдағыны болжап айту мүмкін емес.

Қазіргі және бұрынғы болашақты болжау әдістерін салыстыра келе, біз сол есکі әдістердің қазір де қолданылып жүргеніне көз жеткіземіз. Бұрын сөзбен және жеке адамның дедалдығы арқылы алдағыны болжап айтатын, сонымен қатар түрлі белгілерді түсіндіре отырып айту да қолданылған.

Сөуегейлер өздерін жоғарыдан берілетін ерекше «нұрдамыз» деп есептейді. Шынында да олар ақыл-ойды шатастыратын және басқа құралдардың көмегімен желігіп немесе үйқылыш-ояу қалыпқа келе алатын. Көріпкелдікпен көбінесе әйелдер айналысқан. Бұған әйел жан-дүниесі өте жақсы сәйкеседі.

Біздің заманымызда да көптеген әйелдер осы іспен айналысады. Адамдардың болашақты болжауы – Құдайдың және Оның Рухының билігімен емес еkenін байқаймыз. Бұл туралы Елшілердің істері кітабының 16-тарауынан оқимыз. Філіпіліктер жерінде елші Пауыл бойында сөуегейлік рухы бар күтуші әйелді жолықтырды. Әлгі әйел: “Мына кісілер – Құдай Тағаланың құлдары, олар сендерге құтқарылу жолын уағыздайды!”, – дегеннен басқа ештене айтпаса да, Пауыл оны жын-шайтанның жайлап алғанын сезді. Әйелдің айтқаны таза шындық болғанымен, Пауыл оның басшысы өтіріктің атасы – әзәзіл еkenін түсінді. Сондықтан да Пауыл әйелден ол арқылы сөйлеп тұрған жын-шайтанды аластатты. Көп кешікпей шайтан Пауыл мен Силадан кегін қайтарды. Олар қызыл ала қан болғанша соққы жеп, қараңғы қапасқа тасталды. Болашақты болжаудың бір тәсілі – адам ақыл-ойын қара ниетті күшке бергенде, шайтан сол

арқылы тікелей әрекетке кіріседі. Ал кеңінен тараған келесі тәсіл, бұл:

### **Белгілер мен құбылыстарды пайымдау**

Жалған құдайлардың еркін білу үшін адамдар белгі, нышандарды қолданды. Ония пайғамбардың кітабындағы 4-тараудың 12-аятында былай деп айттылған: “Менің халқым өз ағашынан сұрайды, ал оның аса таяғы оған жауап береді”. Бұл былай болатын: жерге аса таяқ тасталады да, оның түсү қалпына орай сөуегейлер өз қорытындыларын жасайды. Бұның өзі карта арқылы болашақты болжау тәрізді немесе күміс теңге тастаумен салыстыруға болады. Бет жағы немесе екінші жағына қарап мәселені шешеді.

Тостағанмен бал ашу да осы текстес. Мұны біз тек Мысырдағы Жүсіптің кезінен ғана емес (Жар. бас. 44:5), қазір де кездестіреміз. Кофе қоюына қарап немесе Жаңа жыл алдындағы бал ашуды еске түсіріңіздерші.

Ертеде адамдар өздерінің терафим деп атайдын құдайсымақтарынан сұраған. Бұл қалай жүзеге асырылды, ол жағы бізге беймәлім. Бұл әдіс жеребе тастауға ұқсас болуы мүмкін. (Үрим және Тұмим – Бас діни қызметкер оларды Құдайдың еркін біліп алуға қолданатын). Қазіргі уақытта да кейбіреулер, тіпті сенушілердің өздері Киелі кітапты бал ашуға пайдалануда. Бұл былай істеледі: Киелі кітапты алып, ойланған сұрақтың жауабы оң немесе сол жақ беттегі аятың реттік саны болсын деп белгілейді де, Киелі кітапты қарамай ашады. Өлгі аяты

оқып, Құдайдың жауабын шешуге тырысады. Бұл күмәнді іс үшін, екінші өсиетте тыйым салынғанына қарамастан, Жыр жинағын да пайдаланады.

Бұдан әрі болашақты болжап айту үшін белгілі құбылыстарды бақылап зерттеп ереже бойынша сөүегейлік жүргізетін. Біріншіден, бұған күннің, айдың тұтылуын бақылау жатады. Күннің күркіреуі мен наизағайдың жарқылдауына (өсіреке ашық аспан аясында) маңыз беріледі. Бұлттың түр-түсімен сыртқы көрінісінің де өзіндік мәні бар. Жұлдыз бойынша болжау қазір де кеңінен таралған. Бүгінгі күні Жұлдызnamаны kezkelgenaқparat құралдарынан күнделікті табасыз. Тіпті, сауатты, білімді деген адамдардың арасында да жұма мен дүйсенбі күндері жауапты жұмысын бастамайтындардың бары адамды таңқалдырады. Бұлардың пікірлерінше, бұл сәтсіз күндер. Ал оларға керісінше бейсенбі мен сейсенбі күндері бастаған жұмыс тез жүретін секілді болып көрінеді.

Аспан мен жер арасында ұшып жүретіндіктен, ертеде құстар Құдайдың елшісі деп есептелетін. Алда болатын оқигаларды адамдар осы құстардың ұшуы және дауыс беруі арқылы болжаған. Құдайға құрбандық берілген кезде шалынған малдың бауыры мен қанының түр-түсі мен пішіні қандай екеніне, оттың түсіне, құлдің түріне дейін назар аударылатын. Күтпеген жерден біреуді жолықтыру немесе түшкіріп қалу да ерекше белгі болып саналады. Наполеон мен Вольтер білімді адамдар болғанына қарамастан, құстардың дауыстарына зер салғандары белгілі. Бірқатар нышандарды алып қарайық: адамдар жапалақтың дауысынан әлі күнге

дейін ажал немесе басқа да бақытсыздық әкеледі деп қорқады. Қай аңшы, немесе жолаушы ең алғашқы болып егде әйел жолын кесіп өтіп кетсе, бүгін сәтсіз күн болады деп қапаланбайды? Егер де қара мысық жолды кесіп өтіп кетсе, оң жақтан қой отары өтсе, немесе табалдырықта сабан жатса жаман ырым деп есептейді. Егер сөйлесіп тұрғанда біреу түшкірсе, әңгіменің шын болғаны. Біз әлі де ырымдар мен әр түрлі кең етек жайған, сайтан билеген, жалған тәнірге табынушылар арасында тұрып жатырмыз. Бұл жерде өте сақ болған абзал.

Тұул бастан адамдар тұс жоруға үлкен мән берген, өйткені тұс арқылы Құдай адамдарға ашылуы мүмкін. Бұл туралы Киелі кітапта бірқатар мысалдар келтірілген. Қараңғы қапаста отырған Жүсіп шарап құюшы мен наубайшының түстерін жориды. Ол жеті семіз және жеті көтерем сиыр, жеті масақ туралы түстерді жориды. Даниел болса, Наушаруан патшаның тұсін жорып береді. Құдай тұс арқылы пенделеріне өсiet айтқысы немесе ашылғысы келуі мүмкін. Бірақ көп жағдайда мән-мағынасыз түстер де болады. Міне, осы сәтте тұс жорушылар, сәуегейлер көмек беруге тырысып бағады. Мұнда тұс жору туралы жазылған қомақты немесе шағын кітапшаларды көруге де болады. Шынын айтсақ, осы кітапты оқымаған адамның саны кемде-кем шығар. Мұндай кітаптардың авторлары бүкіл түсті қалтқысыз тұсіндіреді.

Бір кездері тұс – Құдай еркін анық білдіретін ең сенімді құрал деп есептелінді. Сондықтан адамдар тұс көруді армандағы. Мәселең, өлген адамдардың зиратына барып түнегенде көрген түстері – ата-

бабаларының хабары немесе тілегі деп түсінді. Түс көру үшін небір хош иісті заттар, тағамдар пайдаланылды. Мұндай құралдарға Езекиел 13:18-де жазылған Киелі Жазбадағы «сиқырлы қалталары» да жатады.

Осы секілді болашақты болжаудың әдістері туралы көптеген кітаптар жазуға болар еді. Зандарды қайталау кітабының 18-тaraу, 9–14-аяттарында сөуегейлер, бал ашуышылар, арбаушылар туралы айтылған. Олар жұлдыздардың орналасуын қадағалай отырып, бірқатар күндер сәтті, ал басқалары сәтсіз күндер деп белгілеген. Ежелгі римдіктер күндерді қара – сәтсіз, ақ – сәтті және мағынасыз күндер деп белген. Яһудилердің де өздерінің жақсы және жаман күндері болған.

Тіпті қазірдің өзінде кейбіреулер дүйсенбі мен жұманы сәтсіз күндер деп өлердей қорқады. Мәсіх айқыш ағашқа керілген күн болғандықтан шығар, өсіреке жұма – ауыр күн болып есептеледі. Ал біздерге, сенушілерге, бұл күн ең бақытты күн емес пе? Өйткені, бұл күні бүкіл адамзатты құтқару жөніндегі ең ұлы іс атқарылды ғой. Мәсіхтің өлімі арқылы біз күнәмьыздан арылып, мәңгілік өмірге жол алдық емес пе!

«13» саны да сәтсіз сандардың қатарына кіреді. Иса, ешқашан «13» санынан қорықсан емес. Үш жыл бойы Ол 12 шәкіртімен бірге жүріп, оларды үйретті, олар әрқашан 13- адам болды. Ал біздердің ырымшыл болып, 13 санынан безуіміз дұрыс бола қояр ма екен?

## *Сиқыршылық, көз байлауышылық*

Зандарды қайталау кітабының 18-тарауында сиқыршылар туралы айтылған. Бұлар кімдер және сол арқылы не айтылған?

Сәуегейлік пен сиқыршылықтың бірлігі мынада: екеуінде де Құдайдан теріс айналған адам Оның тыйым салғанына қарамастан, адамдарға түсініксіз жайларды білуге тырысады. Белгілі бір шамада сиқырлық адамдарға жабық аймаққа кіру болып табылады. Осы арқылы көріпкел іс немен аяқталатынын, болашақтың қандай болатынын көбірек білгісі келсе, әрекетке кіріседі. Сиқыршы сол үшін тер төгіп, билікті өз қолына алуға тырысып бағады. Ал мұның өзі Құдай еркіне қайшы келгендейдікten және сиқыршының өз мүддесі үшін істелгендейдікten бұл – Құдайдан берілген күш бола алмайды. Бұл – қара түнектің, шайтанның күші. Елші Пауылдың Салониқалықтарға жазған 2-хатында (2:9) бұл шайтанның әрекетіне сай зор күш-қуат, әр түрлі алдамшы ғажайып істер мен кереметтер арқылы орындалатыны айтылған.

Шайтанның күштері өзін пайдалануға қуана-қуана келіседі. Ол өзімен байланыс жасағысы келгендеге әрдайым қызмет етуге дайын. Жын-шайтандар періштепер секілді қызметші рухтар болып табылады. Құдайдың періштепері тек мәңгілік өмір иелеріне ғана жіберіледі, ал жын-шайтандар өлімге бас тіккендерге қызмет етеді. Елші Пауыл Салониқалықтарға жазған 2-хатында: “кейін құритындардың бәрін күллі жамандықтармен – тұра жолдан адастырады...” деп айтылған (2:10).

Сондықтан сиқыршылық құралдары ғана емес, Құдай Өситетіне жат әрекеттің өзі де Құдайдың алдында жексүрын қылық болып табылады, өйткені ол Құдай қаламаған іске жұмсалады. Тіпті, жақсы нәтижеге немесе жамандықты қайтаруға қол жеткеннің өзінде, бәрібір, сиқыршылық қара ниетті күштің ісі болып қала береді. Жақсылыққа жету немесе кездейсоқ бәледен сақтану үшін Құдайдың еркі керек, бұған сенім, мінәжат арқылы, яғни Құдайдың Сөзі, Құдайдың Өз Аты арқылы жетуге болады.

Кейде дана Құдай адамдарға тағдыр тауқыметін тарттырады. Мәселен, Өзіне жақындану үшін оны сырқатқа шалдықтырады. Бірақ адамдар жапа шегу арқылы құтқарылып бата алудың орнына азаптан құтылудың жолдарын іздестіреді. Құдайға бет бұрмай, шайтанның көмегіне жүгінеді. Белгілі бір себептермен Құдай бермеген нәрсені сиқыршылық арқылы алуға тырысады.

Адамға өз күнәсі үшін өкініп, Құдайға жалбарынып, өзін Құдайдың қолына беріп, жауабын сеніммен күтуден гөрі, сиқыршылықпен айналысу немесе көз байлаушыларға бару тиімді де жеңіл болып көрінеді. Ал шайтан үшін адамдардың Құдайға мойынсұнбай, Құдайға бет бұрудың орнына, оған келуі нағыз қуаныш, бұдан жын-перілер көп нәрсені ұтады. Шайтан өз қызметін ешқашан тегіннен-тегін көрсетпейді. Көп адамдар сиқыршылар шайтанды өз дегеніне күшпен көндіреді деп ойлайды. Шын мәнінде, шайтан өзінен көмек сұрағандарға қуана келісіп, өз мақсатына жетуге асығады.

Шайтанның мақсаты – адам жаңын өлімге душар

ету болса, сиқыршылықтың мақсаты – адам жанына өлім мөрін басу, залал келтіру.

Бұдан қорқуымыз керек пе? Құдайға шүкір, жоқ! Егер біз Мәсіхтің қанымен жуылғанымызға нық сенсек, онда ешқандай да бөтен күш бізге зиян келтіре алмайды. Егер де біз Бақташысына бағынған қойлардай Оған мойынсұнсақ, онда арманымызға жетеміз. “Менің қойларым Менің дауысымды таниды және Мен оларды білемін, олар Менің соңымнан ереді. Мен оларға мәңгілік өмір беремін, сөйтіп олар мәңгілік өлмейтін болады және оларды Менің қолымнан ешкім тартып ала алмайды” (Жохан 10:27, 28). Мәңгілік Құдайдың қолындағы рақымдылық жартасында, Иса Мәсіхтің Қаны арқылы құтқарылған біздер сиқыршыдан да, шайтанның жын-перілерінен де қорықпауға тиіспіз.

Сиқыршылар жын-періні өзіне шақыру үшін әр түрлі арбау сөздері мен құралдарын қолданады. Шайтан болса, нұрдың періштесі кейпінде көрініп, сиқыршылықта тәннің бәрін жақсы билетіндіктен, мұны Құдайдың Өзі жібергендей етіп көрсетеді. Сөйтіп, бал ашушыларға, сиқыршыларға, арбаушыларға күні түскендердің өзі шайтанмен шатысқандарын андамай қалады. Мұны саналы түрде істейтіндер сирек. Тіпті, кейде бал ашушы – сиқыршылардың өздері де жын-перінің күшімен әрекет етіп жатқандарын түсінбей, шайтанның қызметін Құдай ісі деп есептейді.

“Қара магияның” міндеті – адамдарға қаскөйлік жасау болғандықтан адамдар одан іргесін аулақ салуға тырысып бағады, бірақ мұны Құдайдың қорғауы және көмегі арқылы емес, шайтанның

араласуымен істейді. Ишаяның кітабындағы З-тараудың 18–20-аяттарында Тәнір жүзік пен мұрын сыргаларың алып қояды делінген. Мұның бәрін сиқыршылар тұмар есебінде пайдаланады. Зергерлер сыргалар мен сақиналарға олардың иесін қара ниетті күштерден сақтайтын түрлі белгілер мен өріптерді салады.

Қазіргі таңда да жұлдызнама нұсқауымен тас таңдап алып, өшекей зат ретінде пайдалану арқылы тағдырға əсер етуге болады деп сенеді емес пе?!

Бақсы-балгерліктің, сөуегейліктің, көріпкелдіктің бәрі сиқыршылыққа жатады. Адамдар осы арқылы жақсылыққа, денсаулығын жақсартуға және т. б. жетуге тырысады. Бірақ бұған Құдай жолымен, Оған жалбарыну, күнәсін мойнына алып өкіну, мінәжат ету арқылы емес, сиқыршылықпен жетуге тырысады. Бәлекеттен Құдайдың көмегімен емес, шайтанның күші арқылы арылуды қажет етеді. Құдай тыйым салғанның бәрін ол шайтаннын алады. Сиқыршылық кезінде Киелі кітаптағы ұғымдар жиі еске алынатынына мән беруге болмайды, мәселен, Исаның есімі, Иеміз үйреткен “Көктегі Әкеміз...” Дұғамен көлегейленгенімен, мұның бәрі сиқырлау болып табылады. Лютер: «Құдайдың атын жамылып сиқыршылық жасамай, Одан именіп, Оны қастерлеуіміз керек», – деп дұрыс айтқан. Тіпті Құдайдың сөздерін айтса да, шайтанның аты шайтан. Ол мұнысын Мәсіхті шөл далада сынауы арқылы дәлелдеп берді. Філіппегі әйел қаншалықты сыпайы сөйлегенмен ол арқылы қара күштің әрекет жасағаны белгілі.

Сиқыршылық пен арбаушылықтың күшімен сауық-қандардың барлығы да Құдайға бет бұрганнан кейін тағы да ауыратын болды. Арбау кезінде қара күштің өрекет ететінін осыдан-ақ білуге болады.

Ерте замандағы сиқырлау, дуалау туралы көп айтуға болады. Бұл жөнінде Киелі кітапта көптеген мысалдар келтірілген. Сиқыршылық Мысырда, Бабылда, Грекияда кең өріс алған. Тірі Құдайдың барын және сиқыршылықтың мәнін білсе де, бұл Исраил халқының арасында да кеңінен тарады. Пауыл Мәсіхті уағыздап жүрген кезінде сиқыршы Шимонмен жолығады (Ел. іс. 8:9). Елші Пауыл Патта Барешуа есімді жалған пайғамбарды кездестіреді (Ел. іс. 13:6). Пауыл ғалаттықтарға арнаған хатында (5:20) сиқыршылықты тәни нәпсілікке жатқызып: “Мұндаймен айналысқандарға Құдай Патшалығында орын жоқ”, – дейді. Жоханның Аянындағы 21-тарауда «сиқыршылар мен жалған тәнірge құлшылық етушілірдің үлесі күкірт жаңып тұрған отты көл болмақ... делінген (Аян 22:15).

Құдай Сөзінде салмақты ескерту болғанына қарамастан, Мәсіх жолын ұстанушылар арасында да сиқыршылықты кездестіруге болады. Бұл мәселе тәнірегінде көптеген күәліктер бар. Мәселен, Жохан Златоустың былай дегені бар: “Сен бойтұмарды ғана емес, арбауды да пайдаланаңың, балгер кемпірлерге баруға ұялмай, оларды үйіңе ертіп келесің. Бұл кемпірлер Мәсіх жолын ұстанушылар және Құдай атынан сөйлейді деуің сылтау бола алмайды. Өздерін Мәсіх жолын ұстанушылармыз деп атап, Құдай алдында жексүрүн қылышқа істеп, Оның атын қорлағаны үшін мен оларды жек көремін”. Оның

бойтұмарға және басқа да қорғаныс құралдарына қарсы айтқан пікірлеріне ешкім құлақ аспады. Бойтұмарлар күні бүгінге дейін пайдаланылуда. Соғыс кезінде солдаттар жау оғы мен найзасы дарымайды деген ниетпен түрлі бойтұмарларды тағып жүргені белгілі. Көпшілігі қара ниетті рухтан қорғану мақсатымен түрлі бойтұмарлар, сырғалар тағып, сақиналар салады, ал бірақ осы арқылы шайтанның билігінде екендерінен бейхабар қалады.

Егер адам Құдай сөзіне құлақ аспаса, оны мойнына таққаннан құтқарыла ма? Құдай Сөзінің қүші неде? Жазылған өріпте ме? Егер солай деп түсінсек мойныңа таққаның дұрыс. Ал егер рухта деп түсінсек, онда сен оны жүргегіңе тоқисың, сол арқылы бостандық алып, аман қаласың.

### *Aruaқтарды шақыру*

Зандарды қайталау кітабының 18-тарауының 10–12-аяттарында күнәлар тізімінде “аруақтарды шақырушы” еске алынады. Бұл енді сиқырдың басқа бір ерекше саласы. Аруақтарды шақырушы адам түрлі белгілер, тұтету және басқа да рәсімдердің көмегімен ауруларды сауықтырып, жын-шайтанды «куу» үшін түрлі жалған ғажайып істер жасайды. Олар көбіне жыланды арбаумен айналысатын, бұл өнер қазір де сақталған. Өлген адамдардың аруағын шақыру арқылы болашақты болжau да көп қолданылатын. Саулдың елден бүкіл бал ашушылар мен сиқыршыларды қуып, кейіннен өзі солардан көмек сұрағаны белгілі (1Патш. 28:3–10). Манассия оларға қайтадан жүгінді (4Патш. 21:6, 2Шеж.

33:6). Жосия патша сиқыршыларды елден қып, пүттар мен жансыз тұлғаларды қиратып, жексүрын қылықтарды жойғанымен (4Патш. 23, 24), шайтан оларды қайтадан енгізді.

Мәсіхтің тұсында ел аралап, сиқырлықты табыс көзіне айналдырып, мұнымен құпия айналысқандар көп болды. Олар өздерінің сиқыршылық өнерінің үстазы Сұлеймен екенін, олар сиқыршылықты соның кітаптарынан үйренгендердің айтуды ұната-тын. Сиқыршылар Мұсаның алтыншы, жетінші кіта-бы деп аталатын жалған жазбаларда неше түрлі сиқырлы ішірткілерді жасаудың тәсілдері берілген. Ондайлар Құдай мен Мәриям қыздың атын жамылып жануарлар мен адам ауруларына қарсы сан қылы бақсылық қарғыстар және қасиетті жазбалардан үзінділер қосып, сайтан рухымен бәрін араластырып, адамдарды шатастырып торларына түсіреді. Мұсаның бұл кітаптарға еш қатысы болмағанындей Сұлеймен патшаның да сиқыршылыққа еш қатысы болған емес.

Өлген адамның аруағынан сұраушылар туралы тағы айтайын дегенім: әдетте олар аруақтарды сол адамның бейітінің басында шақырған. Киелі кітапта былай делінген: «Жалған тәнірлерге арналған бақтарда құрбандық шалып, кірпіш үстелдердің үстінде хош иісті заттарды да түтетеді. Олар қа-быр бастарында отырып, құпия жерлерде түнеп, аруақтарға сиынады» (Ишая 65:3, 4). Аруақ шақыра-тындардың тілдері майда, дауыстары жер астынан шыққандай сыйырлай, мыңқылдай естіледі, сондық-тан көпшілік бұларды алдамшы, өлгендердің аруақ-тарымен сөйлестік деп елдің басын қатырады

деп ойлайды. Өлгөндердің аруақтарын шақырып, оларға сұрақтар қою – құры өтірік емес, мұны жасауға болатынын айтқым келеді. Егер өлгөндердің аруақтарынан сұрау мүмкін болмаса, онда Құдай бұған тыйым салмаған болар еді.

Көпшілік адамдар мұны әлі қүнге дейін алдау деп есептейді. Әрине, алдап-арбауы да мүмкін. Мұны көптеген сот процестері дәлелдеп те отыр. Мәселен, көпке белгілі Анна Рот сиқыршы емес, өтірікші болып шықты. Алайда бұдан спиритизмге (зұлым рух шақыруға) жататынның бәрі бос сөз деген ұғым тумауы керек. Демек, рухтар әлемімен тікелей байланыс бар.

Киелі кітапта спиритизмнің сеансы туралы жазылған. Абыржыған Саул патша алдағы шайқастың қалай аяқталатынын білмек болды. Бұл жайлы ол Тәнірден сұрап еді, Тәнір оның түсінде де аян бермей қойды, пайғамбарлар арқылы да жауап қатпады. Содан кейін Саул Айн-Дордағы сиқыршы әйелге барып, Самуилдің рухын шақыртады. Жерден Самуил шығып, оның ертең-ақ өлгөндер патшалығында болатынын айтады.

“Самуилдың аруағы көрінді ме, әлде жоқ па?” – деген сұрақ тәнірегінде әр қылыш пікірлер айтылуда. Мәселен, басқа да бағушылар Лютер тәрізді Самуилдың аруағының көрінуі шайтан арқылы болған алдамшы іс, елес қана деп есептейді. Лютер өз пікірін “Құдай Самуилдың аруағын сиқыршы әйелге қозғауға жол бермейді”, – дегенге негіздейді.

Басқалары, соның ішінде, ең алдымен Сирияда 457 жылды қайтыс болған Теодорет фон Кирус өлген пайғамбар Самуилдың келуі рас, бірақ бұл

сиқыршылықтың еркімен емес, құдіретті Құдайдың әмірімен болды дегенді қуаттайды. “Әйел Самуилды көргенде қатты айқайлап жіберді”, – деген сөзден сиқыршы әйелдің таң қалып, абыржығаны аңғарылады. Сірә, ол Самуилдың келетінін өзі де күтпесе керек. Мүмкін, өзгелерге бірденені бықсытып, келушіні алдағысы келген де шығар, алайда Құдай Саулдың дұрыс жауап алуын қалағанға ұқсайды. Сонымен бұл оқиға бізге құпия күйінде қалды.

Шын мәнісінде не болды: Самуилдың аруағы ма немесе шайтанның елесі ме? Бұл сауал әлі де талдануда. Көптеген спиритистер (аруақтарға сенушілер) Пауылдың, Лютердің және т. б. аруақтарымен сөйлескендерін айтады. Алайда олардың сөйлескен аруақтары ауыз бармайтын дәрекі сөздер айтқандары таңқаларлық. Мәселен, елші Пауылды бір ғана нәрсе еріксіз өзіне тартқан еді – барлығынан азат болып, тек Мәсіхпен бірге болу. Ол Құдайды балаларына ұлы мұра бергені үшін дәріптей білді! Енді сондай ғажайып мұраға ие болып, даңққа бөленген оның рухы сол жайлы бөлісіп, тамсандырарлық сөздерді айтпас па? Ал спириттер “Пауыл елшінің аруағын” шақырғанда, оның аруағы ешқандай мағыналы сөздерді айтпай, қайдағы бір дәрекі сөздерді айтады.

Тауда салтанатты көрініспен Иса Мәсіхке келген Мұса мен Ілияс Оның азапты өлімі жайлы айтты. Олар Айқыштағы құрбандықтың терең мағынасын ашты. Ал спиритистер шақырған рухтар ақымақ жайттарды, болмаған оқиғаларды әңгімелейді.

Сондықтан үлкен сұрақ туындарды: шын мәнінде сол адамдардың рухтары туралы сөз болып түр ма?

Жоқ, бұл керісінше өздерін адамдардың шақырылған рухтары етіп көрсететін жындардың әрекетінің көрінісі немесе құбылысы.

Сpirитизмнің арқасында көптеген адамдар о дүниедегі өмір туралы сенімге ие болды ғой деген де маңызды уәж бар. Алайда адам өлгеннен кейін де өмірдің тоқтамайтынын спиритизмнен іздеудің қажеті жоқ. Бұған біз Құдай Сөзінің негізінде көз жеткізе аламыз. Әрине, рухты ояту үшін Құдайдың түрлі әдістерді қолдануы да ғажап емес. Мүмкін, кейде шындықты шынайы іздеушімен Құдай спириттер сеансы арқылы да адамға бір нәрсені ашатын шығар. Дегенмен, біздер Құдай Сөзін басшылыққа алып, содан таймауымыз керек. Онда былай делінген: “Сенің Құдайың, Тәнір әкелеріңе беруге Өзі ант еткен жерге сені қоныстандырған кезде, араларында аруақтарды шақыру деген болмауы тиісті, өйткені мұны істеген әркім Тәнір алдында жексүрын”.

Яғни, тек бұл іс қана онбаған қылыш емес, сонымен қатар оны жасаған адам да Құдай алдында жексүрын атанады. Осы сөздерді спириттер сеанстары мен мәжілістері өткізілетін үйлердің қабырғалары мен есіктеріне іліп қойса дұрыс болар еді.

Киелі кітапта былай деп жазылған: “Егер еркектер мен әйелдер өлгендердің аруағын шақырса немесе көзбояушылықпен айналысса, онда олар өлім жазасына кесіледі; олар таспен ұрылсын, олардың қаны өздерінің мойындарында” (Леуліктер 20:27).

Құдай тыым салған осы істермен айналысуышылар, түгел тыңдаңдар! Бақсы-балгерлер, сиқыршылар, карта ашушылар мен сәуегейлер, құмалақ салу-

шылар сендер де құлақ салыңдар: «таспен ұрылуға және өлуге тиісті».

Құдай тек бал ашушиларды, дуалаушыларды немесе сөуегейлерді ғана емес, олармен байланыс жасағандарды, оларды бал ашуға және емделуге мәжбүр еткендерді сотқа тартады.

Киелі кітапта Құдай былай дейді: “Аруақты шақыратындарға, бақсы-балгерлер мен сиқыршыларға бармандар! Өйткені сендер олармен арамданасыңдар. Сендердің Құдай Иелерің Менмін” (Леуіліктер 19:31). Демек, кімде-кім бал ашушиларға немесе сиқыршыларға барса, онда олардың Құдайдан іргесін аулақ салып, қара ниетті күштен жәрдем сұрағаны. Құдай Леуіліктер 20:6-да бұдан да қатты айтады: “Балгерлер мен аруақ шақырушыларға жүгінетіндерге де Мен қарсы боламын және халықтың арасынан аластатамын”.

Қымбатты оқырман, құлақ сал. Егер сен осы істермен айналысқың келсе, онда мынаны біліп қой: Құдай сенен Өз жүзін теріс бұрады. Мұның не еkenін сен білесің бе, бұл – Құдай саған қамқорлық жасауды қояды, бұдан әрі саған деген иғілік пен мейірбандықты доғарады, батасын бермейді деген сез. Ол сенен дұшпан ретінде теріс қарайды және сені халқыңнан аластайды!

Осыдан кейін бұл істі зиянсыз деп кім айта алар еken? Бұл әбден сынаған Киелікітаптың емдік құрал деп айтуға бола ма? Бақсы-балгерлік пен сөуегейлік күнә деп Киелі кітап ескертсе де, бұл тым әсірелеп жібергендік деп айтуға бола ма? Жоқ, осындай жолмен адамдарды сауықтыруға тырысуышылық Киелі кітаптан алынбаған. Бұл халық емі емес, ол –

күнө, сиқыршылық, Құдай алдында жексүрын қылыш болып табылады. Егер сен шын жүргегімен тәубеге келмесең, онда ажал аранына түсетінің хақ, орның тозак болмак.

Уа, Жаратушы Ие, "мұндаиларды жасаушы әркім Тәңір алдында жексүрын" деген сөзді әр оқырманның журегіне үялата ғер.

## Оккультизмнің кейбір түрлері

Құдай Сөзін оқи отырып, қара ниетті құштер әлемінің қаншалықты қорқынышты екеніне және осы бір күнәнің кеңінен тарап отырғанына біздің көзіміз жетті. Ал егер бүгінгі әлемге көз жіберсек, бұл күнәнің қазір де кең тарағаны үрей тудырады.

### *Сүйелді дуалау*

Дуалаушылар көбінесе сүйелден арылту амалын жиі қолданады. Жеріміздің түкпір-түкпірінде мұның қалай жасалатыны туралы бірнеше мысал келтірейін. Гамбургтен келген хатта бір әйел былай деп жазды: “Мениң оң қолымда көптеген сүйел бар еді. Біздің бұрынғы үй шаруасындағы әйел, егер бір күндері өлген адамның денесін жууға өзінің қолы жетсе, онда менің сүйелдерімді тазарта алатынын айтты. Шынында да, соның айтқаны бойынша ем жасап едім, сүйелден тазардым”. Дармштадттан алынған бір хатта былай делінген: “Мектепте оқып жүрген кезімде сол қолымға өте көп сүйел шыққан еді. Біз оны кетіреміз деп қаншама әрекеттенненімізден ештеңе шықпады. Содан кейін біреулер маған бір қартаң әйелге баруға кеңес берді. Ол әйел жіп алып, ілмешек етіп түйді де беймәлім сөздерді күбірлеп, әлгі ілмешек жіппен сүйелдің әрқайсысын буды. Содан соң ол бұл жіпті біреуді жерлегенде соның моласына тастайтынын, сөйтіп, сүйелдердің із-түzsіz жоғалатынын айтты. Шынында да оның айтқаны айдай келді. Барлық сүйелдер із-түzsіz жоғалды”.

Весталиядан келген хат мынадай сыр шертеді:

“Он екі жастағы баланың екі қолына да сүйел қаптап кеткен еken. Жуырда ол маған келді, қолына қарасам, тап-таза. Сүйелдерінен қалай құтылғаны туралы сұрағанымда, бала мынаны айтты: “Көршіміздің қызы қара жіп алып, қолында қанша сүйел болса, сонша ілмек жасап бу, содан соң әлгі жіпті үйдің шатырынан су ағатын жерге апарып көм деп ақыл айтты. Соны жасап едім, сүйелден тазардым”.

Балалар үйінің тәрбиешісі жазған хатты оқи отырып, дуалаудың не екенін түсінетіндердің аз екенін айтуға болады. Хатты оқыық: “14 жасар ұлымның екі қолына да сүйел қаптап кеткен болатын. Оларды кетіру үшін істемеген емім қалмады. Бірде біздің қауым бағушысының шешесі балаға сүйелден құтылудың жолын жасырын үйреткен көрінеді. Жаңа ай туғанда қолын сұртіп: “Мен нені көрсем, сол өссін, нені сұртсем, сол жойылсын. Әке, Ұл және Киеle Рух”, деп айту керек еken. Бірақ бұл туралы ешкімге тісінен шығармауды тапсырған көрінеді. Баланың қолындағы сүйелдердің жоқтығын байқап қалмасам, мен бұл туралы білмес те едім. Баладан не істегенін сұрап едім, еш нәрсе айтпады. Тек арада біраз уақыт өткеннен кейін ғана ол мойыннадады”.

Тағы бір хатта былай деп жазылған: “Әжемнің мені неше рет үшкіріп-түшкіргенін бір Құдайдың Өзі біледі, сенуші бола тұра оның неше түрлі рецептері мұндай көп болар ма? Оның жаны да, тәні де неге соншама көп қиналғанын ол өзі де түсінбеді. (Сиқыршылық жасаймын деп белшесінен күнөға батқаны үшін ол өмірден ешқандай опа көрмеді деп айтуға болады). Әдетте, ол бәрін жаңа ай туғанда жасайды. Бірақ қазір айдың ықпалынан босай

алсам, барлық сүйелдерім мен ауруларымның қайта оралуына келіскең болар едім. Себебі жаңа ай туса болды, көңіл-күйім су сепкендей басылады, жын-перілер мені қинайды".

Бір әйел былай деп жазды: "Өз Құтқарушымды тапқаныма, міне, екі жылдан асты, бірақ рухани өсуім баяу. Мұныңбәрісиқыршылықпенайналысқанымның, басқаларды да болашағым туралы сөуегейлік айтуда мәжбүр еткенімнің кесірінен шығар деп ойлаймын".

Осы куәландырулардан кейін қандай қорытынды шығаруға болады? Біріншіден, бұл қунәнің қанша-лықты көп тарағаны айқын. Екіншіден, жұмыр жердің қай түкпірінде болса да мұны жасай алады. Үшіншіден, мұнымен айналысатын адамды байдың да, кедейдің де арасынан кездестіруге болады. Әрқашан да Құдайдың аты пайдаланылады. Осыған орай, дуалауышылардың да, бақсы-балгерге барушылардың да: "Мұнда тұрған еш сөкеттік жоқ, біз Құдайдың атын айтамыз ғой" деп шімірікпей мәлімдейтіндерін қайтерсің. Мұндай жағдайда "Көктегі Әкеміз" деген қасиетті дұға өз орнында оқылып тұрған жоқ, ол арбаудың тәсілі болып тұр. Құдай атынан айтылғанымен, астарында сиқыршылық жатыр. Қолдағы сүйелдің санына қарай ілмек жасап, содан соң жерлеу шеруі өтетін көшеге керу немесе молаға тастау, болмаса жерге көму – мұндай істер Құдай ісі бола ала ма? Ешқашан да! Оған қоса сиқыршыға барғандардың бәрі бұл жайлы үндемеуі шарт. Барлығы да ай жаңа туған кезде істеледі еken. Мұның бәрі Құдайға емес, қара ниетті күшке сенушілікті айқын көрсетеді. Егер белгісіз сөздерді айтып, осы әдістерді қолданғанда, сүйел жойылса

– бір күштің барын дәлелдейтіні сөзсіз. Егер мұның бәрі ақымақтың ісі десек, онда ешқандай әрекет те болмас еді. Бірақ қол сүйелден түп-түгел тазарады, демек, әсерлі әрекеттің болғаны. Мұнда жын-перілердің күшінің араласқаны, мұндай сырқаттарды сауықтыруға қара ниетті күштің әсері болғаны айқын. Әрине, адамдардың көпшілігі мұны біле бермейді. Алайда осының бәрін біле отырып, саналы түрде жексүрын күнәнің жетегінде кететіндер де бар.

Мен туыстарыма: «Шайтанда шынымен ауруды сауықтыра алатын күш бар, бірақ сол іспенайналысқан және өзін дуалатқан адам қасіретке қалады» деген едім, маған бәрі күлді. Үйге қонаққа келген үлкен ағам басына теміреткі түскен баласын тәуіпке апарғаны туралы айтқан еді. Сонда шешемнің: “Шайтаннын болсын, Құдайдан болсын, әйтеуір жазылса болғаны!” – деп айтқаны бар. Осыны естігендे, жүргім шаншып, айқайлап жібергім келді.

Көптеген адамдар құны қымбат болса да, әйтеуір көмектессе болғаны деседі. Осы арқылы Құдайдың қаһарына іліге ме, немесе мойнына ауыр күнә жүгін арта ма бәрібір – онымен еш шаруалары жоқ.

### *Tіc ауруын және басқа ауруларды дуалап оқыту*

Сүйелді қалай кетірсе, тіс ауруы мен теріскеннен де солай құтылады. Бір кішкене қыздың тісі ауырғанда, оған жаңа ай туған күні бұл ауруды айға беретініне уәде ету керектігін айтқан еді. Ол осылай істеді, содан бері оның тісі әлі бір де бір рет ауырған жоқ.

Шпандаудан бір жас жігіт былай деп жазды: “Бала кезімде көзіме жиі теріскен шығатын. Әжем

оны дуалап емдеуші еді. Кейінгі кезде емдеуді өзім де үйреніп алдым".

Басқа бір хатта былай деп жазады: "Менің он бес айлық қызыма рахитпен ауыру қаупі төнді. Маған жұрт көп адамдарға көмегі тиғен бір балгерге баруға кеңес берді. Емді айдың аяғындағы жұмада жасау керек екен. Сәбійімнің шашы мен тырнағын кесіп, бір шүберекке орап, шоқындырыды да, әлгі түйінді бір жерге қойды. Содан соң мен түсінбейтін сөздерді күбірлеп айттып жатты, тек Құдайдың атын атағанын аңғарып қалдым. Төрт жасар ұлым тілме болып ауырғанда да мен оны емшіге апаруға мәжбур болдым. Ол ай толысқан күні ауырған жерді қолымен сипап қана жазды". Нәтижесі қандай болды? Оны біз хаттың жалғасынан білеміз: «Ұлымды жыншайтанның айналдырғаны соншалық, түнде оны жалғыз қалдыруға қорқатын болдық. Байғұс бала жі талмасы ұстап, соның салдарынан әбден азап тартты, қорқыныштан қалш-қалш етіп, адамдардан көмек сұрап айқайлайтын болды. Оны біреу бас салып, тұншықтыратындей болып көрінетін. Балам қиналған кезде, оған қарау аянышты еді!»

Сиқыршылықтың залалы туралы одан өрі айттайық. Осы жағдайлардың бәрінде де адам баласы қайтсе де тәннің сауығуы үшін жанталасады. Бұл Құдай еркіне үйлесімді ме, ол жағына мән берместен адамзат өз ауыртпалығынан – ауруынан айығуды ойлады. Егер Құдай адамның ойындағысын істей қоймаса, онда адам саналы түрде ме, әлде жоқ па, әйтеуір, шайтаннан көмек сұрайды.

Адамдардың ықыласы тәни жағына көп ауытқиды,

бұл мәселені асыра бағалайды. Ал Құдай бірінші кезекте жанға қамқорлық жасайды. Оның ілімінде жан тәннен анағұрлым маңызды, сондықтан оған қамқорлық жасау – өмірдің өзінен де артығырақ болуға тиісті. Шайтан ең маңыздысы денсаулық деп алданышпен көндіреді де, адам өз тәні үшін жанын садақа етуге барады. Бұл барып тұрған ақымақтық.

«Барлық жағдайларда, Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін өрекет етеді» (Рим. 8:28), – деп жазылды емес пе? Бірақ ешкім де өз ауруына шыдамдылықпен төзгісі келмейді. Сондықтан одан қайткенде де тез емделудің амалын қарастырады. Иә, аурудың беті қайтады. Ал содан кейін күнә ауыртпалығын тарту қандай ауыр десенші.

Дуалаушылардың үлкентабысқажеті потырғанына ешкім шек келтіре алмайды. Бір әйел былай деп жазады: «Сиқырлық арқылы маскүнемдіктен арылуға болатынын естігендеріңіз бар ма? Ал мен осының күәсі болдым. Маған күйеуі қатал сенуші әйелдің мекен-жайын айтты. Мен барғанда әйел үйінде жоқ екен. Күйеуі маған өте сұсты көрінді. Онысына қарамастан мен орындыққа жайғасып, үй иесін сөзге тартып, құтқарылу туралы айта бастадым. Ол болса, үн-түнсіз тындаады. Әйел жуық арада келмегендіктен, оның маған жолығы керек екенін айтып, күйеуіне тапсырдым. Ал әйел маған келгенде, ол да күйеуі тәрізді өңі суық адам болып көрінді. Мен одан күйеуі туралы сұрағанымда, ол бұрын қатты ішуші еді, ал қазір ішімдікті аузына алмайды дегенді айтты. Мен бір нәрсені аңғарғандай болдым. Әйел оқиғаның қалай болғанын айтты. Оған адамдарды маскүнемдіктен айықтыратын бір төуіп кемпірге

жолығуға кеңес беріпті. Әйел соған барады. Ақша төлегеннен кейін, кемпір көрші бөлмеге кіріп кетеді. Қайта оралған ол: «енді үйіне бара бер, күйеуің ішімдік дегенді аузына алмайтын болады» – дейді. Үйіне келсе, күйеуі төсек тартып жатыр е肯. Қайта-қайта құсып, бір сөзбен айтқанда, алbastының өзімен алысып жатыр еken. Ол: «Шайтанды көріп тұрсың ба? Жоқ, ол мені ала алмайды!» – дейді. Бірнеше айдан кейін күйеуі бір стақан сыра іshedі. Бұдан соң тағы да баяғы ауруы қайталайды. Содан бері күйеуі ішімдік ішуді қойыпты. Әрине, әйел мұның дұрыс еместігін және енді екеуінің де шайтанның шырмауында еkenін айтты. Дегенмен өзі оған селт ете қойған жоқ. Керісінше, маскүнем күйеуінің тыныш болғанына қуанған сыңай танытты. Қандай сұмдық жалған алданыш десенізші! Иә, сиқыршыға барсан көмектеседі, бірақ бұл Құдай күші емес, шайтанның өктемдігімен болған іс. Құдай маскүнемді Өз атынан Киелі Рухтың күшімен азат етеді, ал шайтан болса, бұл құрбандықты бұрынғыдан бетер шырмап ұстау үшін сиқырдың күшімен «сауықтырады». Шайтанның құлығын көрдініз бе. Бейшара алданған аңқау адамдар-ай!

### **Құтқарылу мейрамының сұы және емдеудің басқа да магиялық тәсілдері**

“Құтқарылу мейрамының сұы” сиқыршылық істе үлкен маңыз атқарады.

Гессендері бір елді-мекеннен біреу былай деп жазады: “Бізде Құтқарылу мейрамы күні, күн шығар алдында ағып жатқан өзеннен су алу дәстүрі бар.

Су үйге әкелінгенше сөйлесуге еш болмайды. Осындағын суды қыш ыдысқа құйып, жертөледе жыл бойы сақтайды. Бұл суда емдік қасиет бар деп есептейді”.

Осы хатта көптеген адамдардың өз үйлерінде өрт шықпауы үшін, сиқыршылардан үйді аластап беруін сұрағаны айттылған. Бөренелердің үстіне немесе астына арнаулы жазуы бар қағазды салса, үйге еш қауіп төнбейтін көрінеді. Мал аман болуы үшін қоракопсыға да солай жасайды екен.

Мына бір хатқа назар аударайық: «Жақында бізде діни жиынға жи қатысып жүретін бір әйел қайтыс болды. Ол егде тартқан адам болатын. Ол ауырып қалғанда, өзін “сепкен” көрінеді. Бұл үшін гүл өсіретін қыш құмыраға толтырып күл салады, соған тұқым егеді. Ал осыны істеген кезде не деп айту керектігі маған белгісіз. Егер тұқым өніп шықса, онда ауру құлан-таза сауығады. Оған әлдекімдер мұның күнә екенін айтқанда, ол: “Бірақ бұл маған ылғи да ем болып келген еді”, – деп жауап береді. Ол қиналып өлді. Соңғы сағатында ол тағы да сиқырланғаны туралы айттып, Құдай алдында өкінетінін білдірді. Күнәсін мойындал қанша тәубе еткенімен, ақтық деміне дейін шайтанмен арпалысумен болды. Одан “өртке қарсы хат” жоқ па деп сұрағанда, бәрін жағып жібергенін айтты. Көз жұмғаннан соң дүние-мұліктегін қарағанда, олардың арасынан сиқыршылар қолданатын құрал – “өртке қарсы хатты” сақтап қалғаны белгілі болды.

Бізде балаларды дуалаушыға апару кең етек алған. Олар алақанымен сипап, зәйтүн майын жағып, сылап-сипап, Құдай атын атап ем-дом жасайды.

Егер баланың ішек құрты болса, онда оны тәуіп кемпірге апарады. Ол бір үзім нанды алып, ауырған жерді айналдыра жүргізіп өтеді де, оны қара тауыққа жеуге береді немесе жерге көмеді.

Хаттың соңында: «Көпшілік мұның қунә екенін ойларына да алмайды», – делінген.

Ең қауіпті мәселе, адамдар осы “ізгі” кенестерді тыңдалап, шайтанның шырмауына түсіп қалатындарын ойламайды. Бір егде тартқан сенуші әңгіме үстінде былай деген еді: “Егер сен мұндай көмекті адамдарға жаңың ашығандықтан істесен, бұл қунә болмайды. Ал істегеніңе ақша алсаң, қунәні арқалағаның”. Бұл жалған тұжырымға қарағанда, көмек тегін атқарылса, сиқырлыққа Тәңір еш қарсы болмайтын көрінеді. Бұдан, біз өзгені қойғанда, тіпті осы қарт уағыздаушының өзі сиқыршылықтың зымиян мақсатын байқай алмай отырғанын аңғарамыз.

Егде тартқан бір адам өз әйелі туралы былай деп жазыпты: “Әйелім қыз қунінде басы ауыра берген соң, бір “діндар” дуалауышыға қаралған екен. Балгер оның басына орамал салып, үш жерден түйін жасап, сиқырлық дүғасын оқыса керек”. Адамдардың осындай жексүрүн істе Құдай атын жамылуы қандай сүмдүқ. Ал бас ауруынан айығамын деп, шайтанмен шатасып, өмір бойына соңың жетегінде жүру қандай сүмдүқ өкініш десеңші.

Мен шамамен осы мазмұндастас басқа да көптеген хаттар алдым. Оның әрқайсысының мазмұнын айттып шығу мүмкін емес.

## «Аспан хаттары» және «отты хаттар»

“Кезінде мен “Аспан Патшалығының жеті құлпы” кітабынан алынған белгілі сиқырлы кітапша «аспан хаттары» мен «отты хаттарды» көкірегіме салып жүрдім. Бірде “аспан хатын” сырқат балаға салып көріп едім, ол бала бірден өліп кетті”

Шын мәніндегі жоғарыда айтылған “Аспан Патшалығының жеті құлпы” кітабы оны бойтумар етіп үнемі тағып жүргендерге және оған сенгендердің өмір сүруіне немесе өлуіне көмектеседі деп ойлайтындарға жұмақтың есігін мәңгі жабатын құлыш болып табылады.

### Мұсаның 6, 7-кітаптары

“Аспанның жеті құлпы” секілді қара ниетті кітаптар қатарына басында айтып кеткен “Мұсаның 6, 7-кітабы” деген кітаптар да жатады. Бұл кітаптардың Мұсаға ешқандай қатысы жоқ. Ол дүшпанның ойлап тапқан айласы. Бұл – кітапқа Мұсаның атын берे отырып, осы арқылы талай жандарды өзінің құрсауына тартудың амалы.

Маған келген хаттардың бірінде: “Оқушы кезімде шешем үнемі жабырқаңқы жүретін, оның еңсесін күйініш рухы басқанын сезінуші едім. Ол уақытта мен Мәсіхтің Құрбандық Қанының күшін білмейтінмін, сондықтан шешем тіршіліктің қамынан босаса, көнілі орнығар ма екен деген ой болды. Біздің үйімізде “Мұсаның 6, 7-кітабы” бар еді. Мен оны көп мәрте оқыдым. Әрине, көбі ұмыт болды, бірақ бір оқиға өлі күнге дейін есімде, сол менің мазамды кетіруде.

Мен өзіме беймәлім бір тілдегі дуаны өз қаныммен көшіріп жаздым. Сол қағазды басыма жастанып, түсімде бақытты лотеря билетінің нөмірін көруді қаладым. Осы кітаптан тағы бір сөйлемді балауызға жаздым да, ауруынан айықсын деген ниетпен шешемнің мойнына іліп қойдым. Мұның арты сұмдық болды. Шешем бірнеше рет өзін-өзі өлтіргісі келіп, ақырында сұмдық қорқыныш билеген күйі о дүниеге аттанды”.

Мекленбургтен бір ер адам былай деп жазады: «Мен соғыста жүргенімде, әйелім тілме ауруына шалдықсан баламды сиқыршыға оқытқан көрінеді. Бұрын әйелім Құдайға сенетін еді. Дуа оқытқаннан кейін мұлдем өзгеріп кетті, ұлым екеуі сенушілерді жауларындай жек көретін болды. Мені де қатты жек көріп, қалай болғанда да қаралауға тырысатын. Бұрнағы кездері ол сенушілердің жиналыстарына баратын, ал қазір оны мұлде ұмытқан. Бірде қауым бақташысы үйімізге келгенде, әйелім қатты ашуланып, оны үйден қызып шықты.

Біз бұдан сиқыршылықтың ауыр зардабын бай-қаймыз» Осы мысалдардан және қуәлердің сөздерінен мынаны аңғарамыз: мұның бәрі әлдекімдер ойлайтындағы зиянсыз істер емес, бұлардың Құдаймен немесе Киеілі кітаппен ешқандай қатысы жоқ. Тағы да бірнеше мысал келтірейін:

Соғыстан жүйке ауруына шалдығып оралған бір жас жігітке таныстары бұл ауруынан айығы үшін балгерге баруға кеңес береді. Ол қатарынан үш жексенбі сайын алхоры ағашын құшақтап: “Тас ағаш, мені мазалап жүрген бойымдағы дерпті саған айтып тұрмын. Бірінші ұшып кеткен құс менің ауруымды

алып кетсін. Әке, Ұл және Киелі Рух атынан”, – деп айтуға тиісті болды.

Померанияның бір елді мекенінен мынандай хат келді: “Сиқыршылық пен дуалаудың салдарынан мұндағылардың көбісі шайтанның шырмауында жүр. Бізде сұмдық істер болып тұрады. Сиқыршылық дегеніңіз өріс алып барады. Адамдар бақсы-балгерге көбіне өздері барады, кейде оларды үйлеріне шақырып алады. Бұкіл елді мекен жын-шайтанмен байланыста деп айтуға болады”.

Мүмкін, кейбіреулердің бұған сенбей, басқаша ойлауы да ғажап емес. Мысалы мына бір әйелдің жазған хатындағыдай: “Адамдардың бақсы-балгерлерге барғанын неліктен үлкен күнә деп санайтындарыңызға мен түсінбеймін. Қазір мұның әдетке айналғаны соншалық, оны күнә деп санайтындар саусақпен санараптық қана. Өз басым болса, картамен, құмалақпен бал ашуды, сиқырлауды мойынданамаймын, бірақ, ертеде дуагерге барғаным бар. Мұндай істермен негізінен мейірімді, қарт адамдар айналысады. Олар ешқандай талап қоймайды, қанша берсен, соны қанағат етеді. Өйткені, Киелі кітапта да былай делінген ғой: “Оның үстіне қолдарын жайып сиынсын... Иеміз сауықтырмақ...» Дәрігер жаза алмаған ауруды емшінің бірден анықтап, айықтырғаны туралы да білеміз”.

Осы келтірілген қуәліктерден кейін, адамдарды алдаумен шырмауына түсірген қара түнек күштің ықпалы бар екені айқын көрініп тұрған жоқ па?

## **Сиқыршылықтың салдары**

Сиқыршылықтың салдары (зардабы) түрліше болуы мүмкін. Онымен айналысқандардың өздері не дейтінін оқып көріңіздер.

## **Сынғанда қуаныштың болмауы**

“Сиқыршылықтың салдарынан мен шайтанның шырмауына әбден түстім, содан қазір тәнім де, жаңым да қиналуда. Мені өзімді-өзім өлтірсем деген ой мендеп алды. Бұл ойдан қалай болғанда да құтылғым келеді. Мен нағыз бақытсыз жаңмын, тіпті, мінәжат етуге дәрменім жоқ, жан-дүнием қараңғы қапаста. Құдайға, Құтқарушыма жан-тәніммен құлшылық етер едім, Онсыз менің өмірім сүреңсіз және құлазыған бос екенін сезінемін...” Бұдан әрі бұл бейшара адам дұға жасаушыларға дұғай сәлем жолдап, осы қара түнектен құтылуына көмектесу үшін ол туралы Құдайға Иса Мәсіхтің атынан сиынуымызды өтінеді.

Екінші хатты оқыық: “Киелі кітаптан оқығанымды табан астында ұмытып қаламын. Сондай-ақ, жиналыста айтылған сөздер де жүректі селт еткізбейді, жадымда қалатындары шамалы. Бірақ мен Құдай Сөзін есіме сақтап, жүргегіме қабылдауға тырысып-ақбағудамын. Шіркін, балакезімдегі сенімім қайта оралса ғой! Ол ойым неліктен орындалмайды дейсіз бе? Себебі неде? Мүмкін, бұл менің бұрын сиқыршыларға ісім түскенінен және содан кейін өзімнің де сиқырлықпен айналысқанымнан болар...”

Вестфалиядан келген хатта біреу былайша

шағымданады: “Осыдан жиырма жыл бұрын өте қатты ауырған едім, таныстарым маған емшіге баруға кеңес берді. Мен солай еттім де. Сол кездегі жасаған күнәм Құдайға құлшылық етуіме кедергі келтіргенін бүгін де сезініп жүрмін. Дұға етіп отырғанда “дұғадан келер пайда жоқ-ау осы” деген күмәнді ойдың мазалайтыны да бар. Мені осындағы қырсық ойлар мазалап, жиі азапқа салуда”.

Құдай Сөзін түсіне алмаудың және Киеle Жазбаны үйреніп, есте сақтауға ықылас жоқтығының себебі сиқыршыға тәуелді болудың салдары екені айдан анық болып отыр. Шайтанның жанды шырмағаны соншалық, жүректе Құдай Сөзі енетін саңылау да қалмаған. Сондықтан да Құдай Сөзі түсініксіз болып қала беруде.

Құдай Сөзінен келетін батаны ұрлайтын зымиян ойлар жиі келеді. Бұлар – Құдайды балағаттайтын қырсық ойлар.

### **Жан тыныштығының жоқтығы**

Вюртембергтен бір әйел былай деп жазады: “Жантыныштық деген мұлдем жоғалды. Менің күнәларымды кешіре ғөр деп Құдайға жиі құлшылық етіп, өз-өзіме Құдаймен татуласпай тұрып төсекке жатпаймын деп күнде қайталаймын. Талай түндерді жылап-сықтаумен өткіздім. Әлсірегенім соншалық, тіпті ойлануға да шамам жоқ. Құтқарушымның күнәмді кешіргеніне сенейін десем, еңсемді бір зіл батпан салмақ басып, өктемдік етіп тұрғандай күй кешудемін. Ақыл бөлісетін бір адам кездессе деп жиі ойлаймын. Қолдарым мен аяқтарым да ауыр

жүк басқандай, күнәларым күні-тұні көзіме елестеп тұрады. Шіркін, Тәңірімнің жүрегі жібіп, мені аяса ғой. Менің ойларым сүмдық, олардан арылайын десем, олар маған бәрібір қайта-қайта келе береді. Құдайға жақындауға талпынған сайын бұл ойлар маған бұрынғыдан бетер беймазалық өкелуде. Өзен, көлдің жанынан өтіп бара жатсам: “Суға секір, сонда тыныштық табасың”, – деген дауысты естігендей боламын. Пышақты көрсем, «кеңірдегінді қиып жібер», – деп тұрғандай болып көрінеді де тұрады. Міне, осылайша сайтанның сапалағы күні-тұні қыр соңымнан қалар емес. Өлең тыңдай алмаймын, тыңдасам болды, жылай беремін. Сосын: «Саған қуануға да, өлең айтуда да болмайды. Өзінді-өзің өлтір, сонда ғана тыныштық аласың» деген дауысты естімін. “Өткен жылы демікпемен ауырып едім, біреулер емші әйелге барсаң айығасың деген кеңес берді. Кішкентай кезімде шешемнің мені де емшіге жұмсағаны бар, келесі жолы өз баламды алып бардым. Егер Тәңір маған мейірін түсіріп, қорқынышты ойлардан азат етсе ғой, шіркін...» Міне, енді соның бәрінің салдары шығар, өзімді-өзім өлтіру туралы ой басыма әбден ұялап алды”.

### **Өзін-өзі өлтіру туралы ойлар**

Бұндай сүмдық ойлар бақсы-балгерлерге, емші-домшыларға, сәуегейлерге жүгінгеннің салдары болып табылады. Өздеріңіз байқаған боларсыздар, бұл ойлар өзін-өзі өлтіруге немесе Құдайға тіл тигізуге кеңес береді. Кей адамдар тоғайға жоламайды, бара қалса, бір дауыс: “Кел, мына ағашқа асыл, сонда бәрі

аяқталады”, – деп сыйырлап шақырғандай болады. Олар темір жол маңына бара алмайды, өйткені бір дауыс оларға пойыздың астынан түс деп сыйырпайды. Шайтан осындай сұмдық ойлар арқылы мақсатына жиі жетіп те жүр. Мұндай ойлардан құтылу үшін адамдар өздеріне-өздері қол жұмсайды.

### Қырсық ойлар

Кейбір адамдарды қырсық ойлар билеп алады. Әдетте, бұл ойлар Құдайға, Құтқарушыға және Киелі Рухқа қарсы бағытталады. Шайтан түрлі кертарапа сездерді пайдаланып, оларды адамдардың есіне салады, ал содан соң одан құтылудың өзі екіталай. Мұндай оймен уланғандар: «Жаман ойларды мен ойлаймын деп ойламаймын, олар менің жүргегімнен шығып жатқан жоқ, сырттан келеді» – деп ақталады. Біреу құлағыңа сыйырлаған осындай ойлардан Құдайым әркез сақтасын. Әдетте, бұл ойлар адам мінәжат еткенде, Құдайға жалбарынғанда, Киелі кітапты оқығанда немесе қауымда Құдай Сөзін көңіл қоя тыңдағанда келеді. Шайтан осы ойлар арқылы көптеген адамдардың жүргегіне енеді, сөйтіп, олар жиналысқа баруды доғарады, Құдай Сөзін оқымай қояды, қырсық ой туындарас үшін мінәжат етуден де бас тартады. Сөйтіп, Құдай балаларын бір-бірлерінен алыстасып, Құдайдан бездіріп, дұшпан өз дегеніне жетеді. Адам тірі Құдаймен сейлесуді қойып, тәмен құлдилайтыны соншалық, тіпті бара-бара ол қара ниетті құштің қолындағы ойыншықа айналады. Бұл қырсық ойлар сиқыршыға ден қоюдың зардабы. Егер кімде-кімді осындай ойлар мазаласа, онда

оның сиқыршыға барғанын, осы арқылы шайтанның шырмауына түскенін айна-қатесіз тануға болады.

### **Құдайдың Сөзін түсінбеушілік**

Дуалаушыға барғаннан кейін, адамдар Құдай Сөзін түсіну қабілетінен айырылады. Бір кездерде сиқыршыға барған бір әйел былай деп жазады: “Шамамен бір жылдай уақыт болды, шайтанның шырмауынан шығу ниетімен тұрақты түрде Құдайға құлшылық етемін, бірақ ісімнің онға басар түрі жоқ. Бұл туралы көп жазуға да болар еді, алайда мен мынаны ғана айтсам деймін: Құдай Сөзі бойынша өмір сұру туралы шешімге келген мезгілден бері басым жиі ауыратын болды. Көз алдында әрқашан көлеңкелер көлбендейді. Шайтан Құдайға қарсы ойларды жиі жібереді, ал мен оны қууга күш салып-ақ бағамын, бірақ дәрменсізбін. Шешемнен мұның неліктен екенін сұрағанымда, ол бала кезімде мені дуалаушыға жиі апарғанын айтты”.

Тағы бір әйел былайша шағым жасайды: “Менің ештеңеден тайынғым келмейтін кездерім жиі болып тұрады. Табыссыз талпыныстардан соң өмір сүргің келмейді екен. Айқыш ағашқа керілген Исаңы сеніммен көз алдымға елестетсем, күнәларым үшін Оған әлі де борышты екенімді айқыш ағаш ойыма салады. Исаңың мен үшін де шегеленгені мені одан бетер қинайды. Ертеректе мен бал ашумен жиі айналысушы едім. Енді сол қызықтарым үшін балам азабын тартып жүр, өйткені оның жүйкесі әбден жұқарып бітті. Отken жылы мен Құдайға қатты реніш айттым. Сонда түсіме Мәсіх кіріп: “өткеннің

бәрін ұмытып, Менің еркіме мұлдем берілуге көнесің бе?” – деп сұрады. Мен қасарысып: “Жоқ!” – деп жауап бердім. Осы “жоқ” деген сөзім мені күні бүгінге дейін қинап жүр. Мүмкін, осы “жоқ” деген сөз – менің күйінішімнің себебі шығар. Егер Тәнірдің өзі маған тезірек көмекке келмесе, өзімді-өзім өлтіріп, мәңгілікке құртынымды сеземін. Күресуге дәрмен жоқ, ниетім де жоқ, өйткені шаршадым. Қындықты шектен тыс көп көрдім”.

### **Өлім туралы ойлар**

Келген хаттардың бірінде көп жылдар бойы біреуді улап өлтіргісі келетін ойдан арыла алмай жүрген әйел үшін мінәжат етуді өтініпті. Әлгі әйел апта сайын жындыханаға барып, көз байлау сеансына қатысады екен. Дәрігердің сырқаттың себебін білуге жасаған қадамдары нәтиже бермей-ақ қойды. Байғұс әйел адамдардың көзіне түсуге жүрексінеді, өйткені, біреуге у беріп өлтіріп қоятын секілді болады да тұрады. Бірде осы сырқаттың сыры туралы әңгімелескенде, әйелдің жас кезінде балгерге барғаны белгілі болды. Ол оның бетіндегі күйігін жазуға көмектескен көрінеді. Бірақ мұнда жаман ештеңе жоқтығын, бұған сенбегенін және сол кезде онымен сенуші әйелдің бірге болғанын айтады. Оның осындағы ауруға шалдығуның себебі сиқыршылықтың салдары екенін оған түсіндіру еш нәтиже бермеді.

Мұнда тұрған ештеңе жоқ деп адамды иландыру шайтаннның айласы. Егер адамдар мұны біліп қалып, тәубе етсе, шайтан биліктен айрылар еді.

Қаншама көлгірсігенімен, оның себебі осында. Дуалаушыға барғандардың тағдырының ақыры немен тамамдалатынын көре отырып, адамның өзі барып шайтанның шырмауына түседі, ал сосын одан құтылу оңайға түспейді.

Шайтанмен шатасқанныңқуні қараң: “Дұшпан менің жүргіме кіріп алып, оны улап жіберді. Енді менің жүргімді сенімсіздік жайлап, қуанышты сенімге ие болудан қалып барамын. Исаңың қүшімен сауығуға тырыссам, шайтан бар амалын қарастырып, көзімді жоюға жанталасып бағуда. Өз бөлмемді жын жайлап алғанын сеземін, олар менің тәнім мен жанымды азапқа салады. Тұн баласы бойымды үрей билеп, жын-шайтан мені мәңгілік өлімге алып кететіндей болады да тұрады. Осы бір сүмдүк қиналыстан тез арада арылсам ғой, шіркін! Тілегім тозақ азабынан қалай да құтылу. Тәңірімнің: “әрбір ағаштың түбінде балта жатыр; жеміс бермейтін әрбір ағаш кесіліп, отқа тасталады...” деген сөздері ойға келеді. Мен қазір-ақ осы оттың ортасында тұрмын, алайда одан құтылсам деген ықылас-ынтам зор”.

Бақсы-балгерлікпен айналысып жүргендер өздерін болашақта қандай сүмдүк азаптың құтіп тұрғанын, қолына түскендерді шайтанның қалай қорлайтынын үғынса, олар сақтанар еді.

Мына хатта жантүршігерлік жайттар баяндалған: “Мен қапылыста азғырушының қолына түсіп қалып отырмын, ал ол болса, өз шенғелінен шығарар емес. Құдайдың атын атап, Одан көмек сұрайын деп тұрып, қайдан аузыма түскенін қайдам: “Сүйікті шайтан, мені құтқар, маған көмектес”, – деп қалдым. Содан бері шайтанның шырмауындарын. Менің жас өмірім

өксікке толы деп айтуыма болады. Қара күштер, Құдайға қарсы келетін ойлар көкейімнен кетпейді! Барлық сиыну мен өтініштерге қарамастан, қара ниетті күштер мені жіберер емес. Көңілім жабырқап, бір сәт селт етпейді, уайым күні-түні иектеп, еңсемді көтертпей-ақ қойды. «Олар оны Тоқтының қанымен жеңді» деген сөздер маған арналмаған. Тоқтының Қаны мені жуып, Киелі Рух жанымды ешқашан жадыратпайды. Күні бойы мақсатсыз күн кешемін, жаным күйзелісте, денем дел-сал. Оған қоса, осы бір қырсықтың салдарынан Құдайға қарсы ойлар бас көтереді. Жүректі жексүрын қара түнек билеп алған. Осы ауыр қапастан шығудың жолы қайсы? Жүргім пәк болып, бүкіл жан-тәніммен Тәнірge қызмет етсем, Соның айтқанымен жүрсем деймін. Менің бір ғана тілегім осы”.

Сиқыршылықты, бақсы-балгерлікті зиянсыз іс деп есептейтіндер, ауруынан сауығу үшін шайтанның күшіне жүгінетіндер, бәріңіз мұны құлақтарыңызға құйып алыңыздар! Шайтан – қатігез билеп-тестеуші. Алғашында ол аңқау адамдарды алдап торына түсіреді. Бұл Құдайдың ісі, өйткені мінәжат етіліп, Құдайдың атымен істеледі деп сендірмек болады. Тек содан соң ғана ашықтан-ашық келемеждең: “Сениң күнәң кешірілмейді. Одан да жіпті алып, буынып өл”, – деп өзеурейді.

Кезінде шайтанның әзәзіл сөзіне ерген адамдар, құлшына тәубеге келіп, Құдай сендердің күнәларыңың тұзағын үзуі үшін сиыныңдар! Құдайға шүкір, Оның тұзақ атаулының бәрін үзуге шамасы келеді!

Енді болашақты болжаушылардың, қартамен,

құмалақпен бал ашушылардың, аруақ шақыру-шылардың әрекеттерінің арты неге апарып соғар екен, соны қарастырайық.

### ***Картамен бал ашу және оның зардабы***

Осы мәселе туралы бірнеше хаттан мысал келтірелік: “Бала кезімде әкем маған дуа оқыды. Мен “Мұсаның 6, 7-кітаптарын” оқып, сиқырлау жөніндегі дуаларды көшіріп алдым. Шешем де шайтанның қармағына ілініп, қатты қиналышп өлді. Шешем өлгеннен кейін, мен сары уайымға салындым. Ешкім де, ештеңе де менің көңілімді жадырата алмады. Ішкі дауыс «Өлі болсам ғой!» – деп мазалай берді. Әйтеүір Құдайдың шапағаты мені сақтап, Соның мейірімі ғана мені мәңгілік ажал тырнағынан арашалап қалды. Сол кездері мен бал ашушыларға жиі баратынмын, “аспан хаты” дегенді ұзақ уақыт бойымда сақтап, күнәнің терең қараңғы тұнғирығына баттым.

Осыдан екі жыл бұрын мен Тәнірге қызмет етуге біржола бекіндім. Күнәнің батпағынан шығып, жарық дүниеге ұмтылдым. Қазір де Иса Мәсіхтің меншігіне айналғаным сенемін, дегенмен толық қуаныш құшағындағын деп айта алмаймын, құтқарылғаным сенімім жетіспейді. Үнемі біреудің қысымында жүргендей боламын. Құдайға құлшылық ету жиындарына бару, Киелі кітапты оқу, мінәжат ету мен үшін міндет секілді, бірақ ішкі ұмтылыс байқалмайды. Толық құтқарылуды қалаймын-ақ, бірақ дәрменсізбін”.

Мұнда ілгері басқан аяқты кері кетіретін бір

өктемдік бар сияқты, алайда Құдайға шүкір, Иса барлық түйінді біртінде Өзі шешуде.

Берлиннен бір қыз былай деп жазыпты: “Мен Құдайға деген сүйіспеншіліктен емес, қорықанымнан құлшылық ететінімді мойындауға тиістімін. Оның әділ соты туралы ойлағанымда денем түршігіп кетеді. Еврейлерге арналған хаттың 10-тарауының 31-аятындағы: “Тірі Құдайдың қолына тұсу қандай қорқынышты!” – деген сөздер есіме түссе, бойымды үрей билейді. Құдайға бұлай қарағаннан гөрі, сенімнен толық безіп кету артық деп ойлаймын, сонда сен Құдай туралы ештеңе білмейсің. Мен өмірімді Исаға толық арнау үшін, «ауырып қалмаймын ба және бұл қашан болады», деп алдымен бал ашуышыға бардым. Өйткені менің жүргім тыныштықты көксейді.

Шайтанның «шеберлігі» қандай! Адам өзін Құдайға арнауды қалайды, ал сол кезде шайтан бұған қай уақыт қолайлы екенін біліп алу үшін балгерге жұмсайды. Осылайша, шайтан адамды Құдайға қызмет ету мүмкіншілігінен айырады, сөйтіп адамның өмірі албастының қолындағы ойыншыққа айналады. Шайтанның құлығына құрық бойламайды дейтініміз де сондықтан.

Тағы бір хатты оқыық: “Күйеуімнің әке-шешесі ертеректе бір сенуші отбасымен араласып тұруши еді. Олар аяқ астынан бізбен араласуды қойды. Қайын енем картамен бал аша алатын және мұнымен үнемі айналысадын. Содан менің күйеуім студент кезінде Құдайдың құдіретімен Мәсіхші студенттердің одағы арқылы Тәңірге сенгенде, қайын енем жындануға дейін жетті. Ол ұлының Исаға

сенгіштігі оны жақсылыққа апармайтынын айтты. Менің күйеуім бұл одақтан шығу керектігі туралы шешесінің айтқанына қөнбекен соң, ол оны өзінің қас дүшпанындай көрді. Ұлының өтінішімен ол кейде Киелі кітапты оқыды, тіпті ендігәрі бал ашпауға үәде берді, бірақ арада жарты сағат өтпей-ақ бұл үшін бүлқан-талқан болатын. Тіпті бір күні ол өзін өлтірмек те болды.

Енді енем Мәсіх жолын ұстанушылар жолынан толықтай шығып, спириттерге баратын болды. Қайын атамның айтуы бойынша, бізден хат келген кезде оның мазмұнына қарамастан енем долданып ашууланатын көрінеді. Тіпті, түні бойы жылап, жүргінің ұстамасы ұстап қалады еken. Кейде ол бізге жүрек тебірентерлік хат жазады, ал кей кездері ешбір себепсіз, зәрін төккен хат аламыз. Тәнір бізге әсіресе оң қозімен қараған сәтте, қайын енемнен зәрлі хаттар келеді. Ол Құдайдың бізді жебегенін толықтай білмесе де, сезінетін болса керек. Бірде ол бізді қойып, бала-шагамызыға дейін қарғады. Содан соң тәубесіне келіп, қарғыстарын қайтарып алды. Біздің келісімімізсіз болашағымыздың қандай болатынын білмек те болды. Күйеуім оның мұндай әрекеттеріне тыйым салған еді, онысын қойды ма, қоймады ма, ол жағынан бейхабармыз”.

Міне, көрдіңіздер ғой, шайтанның азғыруына ерген ана өз балаларын қарғап-сілеуге дейін барады! Мұны сұмдық демей не дейміз? Мәсіхтің жолын ұстануға нық шешім жасаған ұлы мен оның әйелінің бір ниетте болғанына қуанудың орнына, шешесі оларды өлердей жек көреді.

Картамен бал ашушыға ісі түскеннен кейін,

адамдар Құдайды қанша іздесе де жан тыныштығын ала алмайды. Бір әйел былай деп жазды: “Мен шын жүректен тәубеге келдім, бірақ толық құтқарылғанымасенімім аз, жүрегімде мазажоқ. Ертеректе сиқыршыларға барып, талай рет карта аштырып едім. “Қалай азат болам?” деген кітапшаны да оқып шықтым, бірақ еш нәрсе көмектесер емес. Шіркін-ай, Құдай перзенті болу қуанышына кенелсем ғой! Сол арман жолында тәккен көз жасым мен мінәжаттарым нәтиже бере қойған жоқ. Шіркін, еркіндік алып, сол қуанышты басқалармен бөліссем ғой!”

Адам жанының Isaғa келіп, қунәлары кешірілгенімен, жантыныштығын таппауы қандай қорқынышты. Шайтан: “Сенің тәубе етіп, Құдай перзенті болғың келген еken. Оған жібере қоймаспын! Сен менікісің, сондықтан мен саған билік жүргіземін!” – деп тұргандай. Шайтанның шырмауынан босап шығып, жан тыныштығын табу үшін сол адам да, басқалар да үздіксіз Isa Мәсіх атынан мінәжат етуі қажет. Ал шайтанның сезіне, еркіне ергендердің жаны ғана емес, тәні де шырмауда, қол-аяғына кісен салынғанмен пара-пар. Сейтіп ол алдымен адамға алтыннан тау тұрғызып беремін деп уәде етеді де, артынан тақырға отырғызып, өзінің өтіріктің әкесі екендігін көрсетеді.

Бір бейшара жесір әйел былай деп жазады: “Міне, жиырма жеті жылдан бері айықпайтын ауруға шалдықтым. Бұл бір кездегі сиқыршылықтың салдары деп ойлаймын. Сырқат алғаш жабысқанда, мен жиырма алтыда едім, қазір елу үштемін. Жиырма жеті жылдан бері шайтан тәнімді, жанымды және

рухымды азапқа салуда. Мектепте оқып жүргенімде Киелі кітапты оқуды ұнатып, Құдай жолына түсуге талпынушы едім. Киелі кітаптан көптеген аяттар мен әңгімелерді білетінмін. Бірақ, өкінішке орай, сол кезде мен көп жылдар бойы жүрегімді шайтанға бердім. Қай жерге бармайын, ол мені қорқытып-үркітіп, қинайтын болды. Осы жылдардың ішінде менің үлесім үрей мен күйзеліс. Кей кездері есімнен айырылып қалмасам иғі еді деп те қорқамын. Оның үстіне тәнім де дертке шалдықкан. Құдайға қарсылық білдіріп, тіл тигізетін ойлар қатты қинайды. Өзім жатқа білетін Киелі кітаптағы дүғаларды айтып, қорғанып та көрдім, өзгелердің де мен үшін мінәжат етулерін өтіндім. Бірақ осы уақытқа дейін ешбір әсері тимей-ақ келеді. Өзімді буып тастаған шайтанның шырмауынан Құдайдың мені босататынына кеміл сенемін. Өйткені Оның ондай билігі бар, бірақ сол сәт қашан болар екен?"

Бүкіл өмірдің шайтан шырмауында өтуі қандай өкінішті! Егер өмірімізді Тәнірге сеніп тапсырсақ, Ол біздің иғі Бақташымыз болса, онда өмір ағысы да басқаша болады ғой. Сонда біз де Дәуіттің 22-жырында қуанышпен айтқанындей айта алар едік: "Жаратқан Ием – менің Бағушым, мен еш нәрседен де тарықпаймын. Ол мені жасыл жайлауға жаяды, тұнық суға жетелеп апарады. Тәнірім жаныма күш дарытады, . есімі "Қасиетті" болғандықтан. Мен сенімімді артамын да Оған: Ол мені тура жолмен жетелейді". Жырда: "Тәнірім жаныма күш дарытады", делінген, ал әйелдің хатынан: "Шайтан менің жанымды қинап қорқытады", деген сөздерді оқимыз.

Екеуінің айырмашылығы жер мен көктей екенін байқадының ба? Мұның бәрі бақсы-балгерлікпен айналысатындарға үлкен ескерту!

Балтық жағалауынан бір бауырымыз былай деп жазады: “Бізде де сиқыршылық күнәсіне белшесінен батқандар көп. Олар мұның Тәнір алдында жексүрын күнә екенін бейхабар. Жақында өзін нағыз сенушімін деп есептейтін, қауым бақташысымен бірге Киеle кітапты талқылап, жыындарда болатын, сонда да Исамен қарым-қатынасында нақтылық жоқ, жан-дүниесінде тыныштық жоқ бір әйелмен сұхбаттасуға тұра келді. Әйелмен сөйлескенімізде, ол бұрын сиқыршыға барған болып шықты”.

Сиқыршылықтың қырсығын адам өзі ғана арқалап қоймайды, оның кесірі алыс-жақын туыстарына да тиеді. «Менің қайын енем картамен бал ашып, түрлі «аспан хаттарымен» айналысқан еді. Осы бір кесапатқа оның өзі ғана емес, мен де, менің әйелім жәнежақындары дадушар болды. Еңқорқыныштысы, олардың Құдай туралы бір анық түсінігі болмауында. Олар бір жыыннан екінші жыынға барды, бірақ бұдан ешқандай нәтиже шықлады». Қандай қорқынышты қарғыс десенші, шын жүректерімен ақиқатты іздесе де, оны таба алар емес. Оны күнә деп шын жүректен тәубеге келмесе, сиқыршылықтың күнәсі көздерін байлап, жандарын жаралайды. “Менің апайым картамен бал ашудың, түрлі қара ниетті істердің құлыш. Ол арақ пен темекі жоқ болса, дірілдеп кетеді. Сол себептен оның ұлы мен келіні де шайтанның жетегінде кеткен». Сиқыршылық сұмдықтың бәрін жасайды. «Менің ағам магнетизммен айналысады. Мұның не сөз екенін қайдан білейін, әйтеуір оның:

“Дұға көмектеспейді” деген сөзін оқығанда, анық түсінгенім: яғни ағамның Құдай Сөзі туралы ештеңе білгісі келмейді, бұл оның хаттарынан сезіліп тұр”.

Келесі хатты оқыық: “Менің көршім, егде тартқан әйел, бал ашумен айналысады. Оны алдағыны айтып беретін көріпкелдігі бар деп айтатын. Менің шешем сенуші әжеммен бірге шынайы Көмекшіге барудың орнына, осы көрші әйелге барып, оны жексенбіде үйге шақыратын болды. Әжем оған біздің табалдырығымызды аттауына тыйым салуды өтінді. Алты жасында демікпе ауруына шалдықтым. Бойжете бастаған кезімде, шешем бал ашушыға барып, менің күйеуге қашан шығатынным туралы білмек болды. Мен он бес жасқа толғанда әжем өліп, мінәжаттың құні сонымен бірге кетті де, үйімізді шайтан жайлап алды. Ең ақыр аяғында мені де бал ашушыға баруға көндірді. Мен мұнда тұрған ештеңе жоқ, бір құнөнің әрісі не, берісі не деп, бал ашушыға бардым. Ол өткенімді түгел және болашағымның бір бөлігі туралы айтты да, кенеттен әңгімесін үзіп: “Біреу көз алдында бір жапырақ қағаз ұстап тұрғандай, одан арғыны көре алатын емеспін, енді еш нәрсе де айта алмаймын”, – деді. Кейін ол менің тәубеге келгеніме дейінгінің бәрін дұрыс айтып бергеніне кезім жетті. Соған дейін өзімнің шайтанның шырмауында болғанымды білдім. Мен оған барғаннан кейін, бірнеше күннен соң әлгі әйел басқыштан құлап, мойның үзіп алды деп естідім. Мені қорқыныш тұмшалап алды. Ақылымнан алжаспасам жарап еді деген үрей пайда болды. Біздің отбасымыз бытырап кетті. Шешем мен ағам Америкаға кетті. Мен де сол жаққа бардым, бірақ көп кешікпей қайтып

оралдым. Менің жағдайым сүмдық болды. Мінәжат ете бастасам-ақ қызыум көтеріліп, ауа жетпей деміге бастаймын. Мен бұдан қатты қорқам, себебі өзімді ауыр сезінемін. Өпкем нің басында да түсініксіз жағдайлар болып тұрады... Ол кей кезде ақылынан адасқандай болады, одан әрі не болары белгісіз..."

Міне, бұл күнөнің көптеген отбасын және олардың үрпақтарын қандай бақытсыздыққа соқтыратынын көріп отырысyzдар ма? Үрей мен торығушылыққа толы тағы бір хаттан мысал келтіріп, бұл тақырыпты осымен тәмәмдаймын. Бал ашу, сиқыршылық және т. б. арқылы әркімнің шайтанмен байланысатыны түсінікті шығар деп ойлаймын.

"Жүйке тамыр жүйесінің шайқалғаны соншалық, есімнен адасатын шығармын деп ойладым. Бала кезімде жиі ауыра бергендіктен, шешем мені шипасы болар ма еken деген оймен емшілерге апарғанын білемін. Мен онымен осы туралы шындал сөйлесіп едім, шешем мұның күнә еkenін растанды. Бірақ ол менің науқасыма немікүрайды қарайды, тек менің азабымды көрген кезде ғана байғұс шешемді ар-ожданы мазалайтын сияқты. Шамасы ол мінәжат ететін болса керек, бірақ маған етеп жеңіл бола бастаса, тағы да баяғы қалпына түсіп, немкеттілікке салынады..."

Бұл хатты одан әрі оқу өте қыын. Өзіне-өзі қол салудан тайынбаушылық, спиритизм, көз байлау және жүйкенің жүқаруы – хаттың мазмұны осыған келіп саяды.

Біз Құтқарушымыздың барына қуанамыз; Ол үшін өмір сүріп, Оған қызмет ететінімізге шүкірлік келтіреміз; Оның дүғамызды еститінін сезіне

аламыз, Ол біздің сүйікті Бақташымыз. Бірақ шайтан бұғау салып, ойын түмшалап, өз-өзіне қол жұмсауға итермелейтін, жан-дүниесінде тыныштық жоқ адамдар да бар ғой. Оларды көргенде жаңың ашып, жүрегің сыйздайды! Біз қауіпті дүшпандарымыздың құлдарына айналып, еріксіз шырмалған адамдар үшін ұдайы мінәжат етуіміз қажет. Құдай балалары, қуаныш пен күш Тәнірде екенін айта алатындар, еркін болғысы келгенімен, бұғаудан құтыла алмай жүрген байғұс құрбандар туралы ойландар. Оларды өз мінәжаттарыңан қалдырымандар. Осы қасиетті міндепті мойындарыңа алындар, бұларға да Құдайдың Құтқарушы және Жұбатушы ретінде ашылуы үшін мінәжат етіндер.

### Спиритизмнің нәтижесі

Бұл тарауда мен сіздерді аруақтарды шақырумен айналысатындармен, яғни, өлгендердің аруақтарымен сұхбаттасатындармен таныстырмақын.

Бір өйел былай деп жазады: “Осыдан жиырма жыл бұрын мен аруақ шақырумен айналыстым. Адамдар маған бірінен соң бірі келіп жатты. Айтқандарымның көвшілігі жүзеге асты. Жоқшылық не істепейді, ақша жетіспегендіктен, мен мұнда тұрған еш нәрсе жоқ деп ойладым. Бірде маған бір сенуші өйел келіп, бұл жексүрын іспен айналысады тастауымды өтінді. Ол менің аруақ шақыратын кітабым мен картамды алып кетті. Осыдан кейін апта бойы жаңымды қоярға жер таппадым. Мұның енді қайталанбайтынын айтып жылап отырып Құдайға уәде бердім. Көп кешікпей мен қауым мүшесі болдым. Күйеуім бұған қарсы

болса да, мен оның кедергі жасауына тиым салдым. Қүйеуімнің өлерінен шамалы уақыт бұрын: “Менімен бірге сенушілердің жиналышына барғың келмей ме?” – деп сұрадым. Ол болса, Құдайға тіл тигізетін кесір сөзбен жауап берді. Бірде қүйеуім бір жаққа кеткен еді, үйге ауыр халде алып келді. Демі біткенше ақыл-есі болғанымен, сөйлей алмады. Мен тізерлей отыра қалып, Құдайға жалбарынып, оның күнәсін кешіруді және оны менің мойныма артуын сұрап мінәжат еттім. Қүйеуім болса, менің мінәжатымды естіп жылады, осы күйінде ол мәнгілікке аттанды. Қүйеуім өлгеннен кейін мен неше түрлі дыбыстарды жиі еститін болдым, бірақ Құдайға сене бастағаннан кейін қорқа қойғаным жоқ. Бал ашып, аруақтарды шақырып жүрген кезімде бөлмемнен белгісіз бір сұлбаларды көріп, түсініксіз сөздерді естуші едім”.

Бұл әйел осы уақытқа дейін әлі шайтанның шырмауынан шыға алмай жүргені туралы шағымдануда. Оған келіп жүрген сенуші әйел оның үйінде қорқынышты құбылыстар барын және ол шайтанның билігінде болуы мүмкін бе, соны сұрап жазған екен. Әрине, егер бұрынғы істегендерінен бас тартпаса ол шайтанның билігінде. Құдай Сөзінде былай делінген: “Мұны жасаған әркім Тәнір алдында жексүрүн”.

### **Ұйдыс айналдыру**

Берлиннен келген хатта ұйдыс айналдырудың қалай болатыны туралы жазылған: “Таныстарымыз арқылы әйеліміз екеуміз шыны аяқты айналдыру туралы білдік. Біз спиритизм – шайтанның ісі екенін білетінбіз, сондықтан онымен айналысқан емеспіз.

Бірақ біз үшін бұл бір жаңалық болып көрінді. Үйдис қағазға жазылған әріптердің бірінен екіншісіне қарай айнала берді. Бізben кім сөйлеседі деген сауалға өлгендердің рухының аттары аталды. Әрбір сұрақта жауап қайтарылды, бөлмеде болғандардың бәрі де жауап алды.

Жұбайым екеуміз Құдайды іздеп жүргендіктен, дүлей күштен қорғанышымыз барын сезгенбіз. Иә, біз Құдайды іздедік, бірақ шын жүректен болмаса керек, әйтпесе осындаі құнәға батпас едік. Біз Құдайды шын жүректен іздегенімізбен, тәубеге әлі де келмеген едік. Құдай біздің ізденісімізді біліп, осы бөлмеде ыдысты қандай күштің айналдыратынын ашады деп сендік. Мұны біздің білуімізге тұра келді, алайда біз ойлағаннан басқаша жағдайда.

Бірде әйеліміз екеуіміз оңашада сауал қоя бастадық. Қызу күрес басталды да кетті. Біз аруақтарды кейін серпіп тастанадық та, бізben шынында кімнің сөйлесіп тұрғанын білмек болдық. Сонда ыдыс үстел үстінде бұрынғыдан бетер қатты айналып, жазылған әріптерді біресе шашып, біресе қайта жинастыра бастады. Біз дүлей күш рухымен сейлесуден бастартып, шындық рухын шақырдық. Егер бұл шайтаннан шықса, жауап бермей-ақ қойсын дедік. Ақыр аяғында “Құдайдың хабаршысы” деген жазуды оқыдық.

Ол біздің айтылмаған ойларымызға да жауап bere бастады. Біз секем алып, бұл рух өзін дұрыс аттай қойды ма екен деп ойладық. Сонда: “Шын сеніңдер, мені Құдай жіберді. Сендер Құдайды нағыз іздеуші болғандықтан, Оның сендерге ашылғысы

келді. Құдай кімге ашылатынын Өзі біледі”, – деген жауапты оқыдық».

Бұданкейін хаттасоттың болатын күні таяу қалғаны және олар алдын-ала пайғамбарлық жасауы тиіс болатыны жайлы хабарлар бірінен кейін бірі айтыла бастаған. Әділеттілер ретінде, олар Құдайдың келетіні туралы қиямет күні туғанша қуәландыру керек екендігі жазылады. Өзін “Құдай елшісімін” деп атаған рух олардың үш жасар қыздарын өзімен бірге алып кететінін, содан соң олардың он бір жасар үлдарымен бірге пайғамбарлық қызметтерін бастаулары керектігін айтты. Олар Исаның өзі сөйлеген еken деп сенді. Көптеген күндер мен апталар бойы олар осы тындағандарының әсерімен жүрді. Олар осы рухтың ықпалына түсіп, уақытымен тамақ ішуді, балаларын тамақтандыруды ұмыта бастады. Күн озған сайын жағдай шиеленісе түсті. Рух әйелге ақымақтық сөздерді де айтқыза бастады, ал әйел болса, бұл оның жүргегінен шықты деп ойлады. Бірде ол қинала былай деді: “Егер менің жүргімде жамандық жатса, оны салған шайтан, мен ондай емес едім ғой”. Мұндай сөзден кейін ыдыс қатты «мазасызданып» кеткен.

Ақырында олар өздерін шайтан алдап, шырмауына түсіргенін түсінді. Сондықтан олар шайтанның ықпалынан құтылып шықты. Осыдан кейін екі күн бойы әйелді жын буды. Ол үрей үстінде дәл Киелі кітаптағы жын буған адам сияқты: “Иса, Дәуіттің Ұлы, мені аясаншы!” – деп айқайлады. Сонда жын ғайып болды. Бұл адамдар сол сэтте шайтанның бұғауынан босаған.

Міне, ыдыстың немесе стақанның “бейкүнө” айналуының салдары осындай.

Спиритизммен айналысқан бір жігітке күтім жасаған жас медбике мұнымен айналысқан адамдармен болатын сұмдық жәйттер туралы былай дейді: “Кешке қарай оның қасында отырып, Құдай Сөзін оқыдым, тұні бойы сырқат жігіттің жанында кезекші болып отыруыма тұра келді. Осы тұнде кенет от жалының көрдім. Содан кейін сырқаттың төсегінен тұтін шықты, бір бейне қолын созып, жалынды өшірді. Мен жалма-жан Құдайға құлшылық еттім. Келесі күні ештеңе істей алмадым, тек мінәжат етумен ғана болдым”.

### **Магнетизм**

Бір адам маған бұрын спиритизммен және магнетизммен айналысып, кейін одан құтылышың шықкан адамдар туралы айтты.

“Бір кісі магнетизер еді. Бұған ол спиритизммен айналысқаннан кейін келді. Жын-шайтан егер ол осы іспен айналысса, оған көп табыс келтіретінін айтса керек. Ал оның әйелі спиритистер үйірмесінде медиум болған. Сырқат адам келгенде не істеуді білмесе, әйелі екеуі не істеу керектігін аруақтардан сұрау үшін көрші бөлмеге кіретін. Ол болса аурудың түрін айттып, емдей ала ма, жоқ па, соны айтатын.

Бұл кісі әрбір магнетизер өзінің магнитті өрісі арқылы қуніне үш-төрт адамға қызмет көрсете алатынын, соңғыларға қарағанда алдыңғыларға аз ықпал ететіні, өйткені, күші сарқылышып қалатыны туралы айтты. Көп сырқаттарды қабылдау үшін ол

жын-перілерден күш алуы керек. Сондықтан ол әр күні ауруларды өзінің қажетіне қарай қабылдайтын болды. Ол ешқашан магнит күшінің жетімсіздігін сезінбеді, өйткені, оған “жетекшісі” бас-көз болып, қанша керек болса, соншалықты күш беріп тұрды. Біз әйеліміз екеуіміз осы отбасында болып, олармен бірге Құдайға құлшылық еткенде, оның әйелі де жантәнімен Құдайға мінәжат етті. Сол күннен бастап оның күйеуіне науқас адамдар келуін тоқтатты. Бұл әйел бізді спиритистердің бас қосуына шақырып, оның барлық мүшелеріне болған жағдайды айтып беруімізді өтінді. Құдайға тәубе, бұл қоғамның мүшелерінің бәрі осыдан кейін сол істен бас тартты. Олардың үйірмелері тарап, көвшілігі біздің жиналыстарымызға қатысып жүр».

Бұл айтылғандардан көз байлау (гипноз) және магнетизммен айналысадының қандай қатерлі екені байқалады.

### *Қауіпті эксперименттер*

Кейде осы туралы естіп отырып-ақ дүлей күштің қармағына түсіп қалуға болады. Бұған біз тәмендегі хаттарды оку арқылы көз жеткізе аламыз:

“Өткен жылы қалада көз байлау, спиритизм, өзін сендертуралы дәрістер оқылған еді; көдімгідей толық дәрістер сериясы болып өтті. Мен қатысқан алғашқы дәріс көз байлаушылық жайында болды. Билетке өз мекен-жайымды көрсетуім керек екен. Залға кіре берісте мен оны тастан кеттім. Көз байлаушы “экспериментті” бастап, келушілерді даярлау үшін бәріміздің соған қарап отыруымызды, еркімізді толық

соның билігіне тапсыруымызды, қолымызды бірінің үстіне бірін салып, оның аузынан шыққан сөзіне құлақ асуды өтінді. Біршама уақыт өткен соң, тәжірибеге қатысуышылар қолдарын бір-бірінен айырып ала алмай қалды. Көз байлаушы ең басты мақсатына – байланысқа (контактқа) жетті. Содан соң арамыздан жеті адамды таңдап алғып, тәжірибесін жалғастыра берді. Ол әлгілерді ұйықтатып тастанды да, ақылға сыймайтын таңғаларлық істер істеді. Мен бұған таңтамаша қалып, үйге келген соң бұл туралы сенуші үш апайыма баяндадым. Олар мұның шайтанның іci екендігін айтты, бірақ мен бұл сөзге сенбедім. Біраз күн өткен соң, төсекке жатқаннан кейін көп уақыт ұйықтай алмадым. Бір мезгілде бөлменің есігі жер сілкінген кездегідей сықырлай бастады. Мен көрші бөлмеде жатқан апайыма: “Бұл не?” – деп айқайлайдым, ал ол болса: «Мен де білмеймін», – деп жауап берді. Есік одан да қатты селкілдей бастады. Мен керуэттен ұшып тұрып, шам жақтым. Бірақ ештеңе өзгере қоймады. Зәре-құтым қашқан мен: “Құдайға сиын!” – деп әпкеме айқай салдым. Ол сиына бастады, бірақ жағдай бұрынғыдан да жаман болды. Кенет мен Киелі кітапты есіме түсіріп, «Өзіңнің Киелі кітабынды оқы», – деп айқайлайдым. Ол Киелі кітапты ашып оқыды. Оқылғаннан мен ештеңе түсіне алмадым, ол оқып отырғанда біреулер есікті дүңкілдетіп қақты да, естіртпеді. Бұдан кейін әпкем қайтадан оқи бастады мен не естідім дейсіздер ғой? Тәнір оған Қолостықтарға жазылған хаттың 2-тарауының 8-аятын көрсетті, онда: “Қайдагы біреу пәлсапасымен, пайдасыз ілімімен сендерді баурап алмасын, байқандар! Адамдар ойлап шығарған

аңызға негізделген ондай ілім Мәсіх туралы емес, өлемдегі тұрпайы рухани күштер туралы үйретеді”, – делінген. Осыны естіген кезде мен өзімнің шайтанның алдауына түскенімді ұқтым. Осы кезде денемде электр тогы жүріп өткендей болды да, қалышылдан-дірілдеп құлап түстім. Осы кезде әпкемнің: “Иса Мәсіхтің атымен, шайтан, саған әмір етемін, одан аулақ кет, қаранды өшір!” – деген дауысын естідім. Сейтіп, дүлей күш зым-зия жоқ болды. Осыдан кейін әпкем және тағы бір сенуші адам үшеуміз бірге мінәжат етіп, шайтанның шырмауынан босата гөр деп Құдайға жалбарындық. Келесі күні кешке, бәріміз менің бөлмемде отырғанымызыда, шайтан найзағайша сап етіп, мені селкілдете бастады. Сенуші досым мені бұл жолы да Мәсіхтің аққан Қанының рақымымен дұғада Тәнірдің тағының алдына апарды. Құдай біздің мінәжатымызды естіді, енді мен шайтанның өктемдігінен азатпын”.

Адамдардың көпшілігі барлығына қатыссам, бәрін көріп-білсем деп ойлайды. Мұндаиларды қандай қасірет күтіп тұрғанын жоғарыдағы әңгімeden көруге болады. “Шайтанға саусағынды берсең, ол қолынды қолқаңмен қосып суырып алады”, – деген мақал тегіннен-тегін айттылмаған. Бұл – әмірден алынған ақиқат. Бірақ шайтан бір қолынмен қанағаттанбайды, ол жанынды да, тәнінди де қолына түсіргенше тағат таппайды. Сондықтан біздер тұрлі дәрістер мен сеанстардан сақтануға тиістіміз. Тозақ оты тез арада лап ете түседі. Шайтанның шырмауына тұсу оңай. Ал мұның аяғы қасіретпен біtedі.

## **Көз байлау (гипноз)**

Көз байлаушылықтың көпшілік ойлайтындағы залалсыз іс еместігін мына хаттан көруге болады: "Соғыс кезінде мен ашаршылықтың салдарынан жүйке ауруына шалдықтым. Күш-қуатымның сарқылғаны соншалық, мамандығым бойынша жұмыс істеуге де шамам келмеді. Көптеген дәрігерге қаралып, олардың айтқан ақыл-кеңестері бойынша емделдім, бірақ жағдайым жақсармады. Содан соң мен дәрігер-психотерапевтің емханасына бардым. Оның емдеу әдісін сұраған да жоқпын. Ауырған кезде адам жан-жағын абайламай кетеді ғой. Дәрігер мосқалдау, сырт пішіні өте тартымды кісі екен. Ол менің қасіретімді жақсы түсінетін, өте ақылды адам болып көрінді.

Алғашқы күні менің тесегіме келіп, өзінің көзіне қарауымды өтінді. Содан соң ол менің оң қолымды шынтағымды бүге көтеріп, мені өзінің сөзімен дегеніне көндіре бастады: "Сіз маған қарайсыз, енді жаныңыз тыныштыққа бөлене бастайды. Мен қолымды мәндайыңызға салғанымда, сіз әбден тынышталып, үйқыға кетесіз. Тершеңдігіңіз кетіп, өзіңіздің сауыққаныңызды, күшіңіздің толғаның сезінесіз. Сіз қолыңызды қайыра қойғыңыз келеді, бірақ олай ете алмайсыз. Сіз қатты үйқы құшағындастыз..." Оның айтқандарына менің күлкім келді, өйткені мен үйықтаған жоқ едім және өзімді тәуір сезінген жоқпын, ал егер керек етсем, қолымды қайта орнына қоя алар едім.

Екінші сеанстан бастап, әрбір күні таңертенгі төртте мені жын-шайтан қинап, ал түнде түсіме жаман

түстер еніп, мазамды алды. Бір күні таңертең оянсам, бөлменің іші тыныштық орнағанына қарамастан, бүкіл жын-шайтан маған қарсы аттанғандай бойымды қорқыныш биледі. Дәрігер менің бұл жағдайымды көз байлағаннан кейін болған өзгеріс деп түсіндірді. Көп кешікпей бәрі орнына келетінін айтты. Оның сөзіне қарағанда, басқа ауру адамдар бұдан жапа шекпейтін көрінеді. Бірақ мен бұл сөзге қанағаттана алмадым. Әр таңды үреймен қарсы алып, Құдайға құлшылық етіп, мұның бәрі нені білдіретінін және мені алда не күтіп тұрғанын білдіре гөр деп жалындым. Өзімді Оның қарамағына толықтай беретініме уәде еттім. Тек Ол мені кез келген жамандықтан қорғаса болғаны. Әрбір көз байлау сеансы алдында мен Құдайға сиынып, маған мейірімділік жасай гөр деп жалбарындым. Жаман тұс көрген кездерімде де: "Иса, маған көмектесе гөр!" – деп айқайладым, содан кейін жын-перілер жоғалатын болды. Құдай менің мінәжатымды естіп, кешікпей маған мына мазмұндағы жауапты жіберді: "Сен өз күнәларың үшін өкініш білдірдің және Тәңірге қызмет еткің келеді еken. Бірақ дұшпан сені өз жағына шығарып, билік жүргізуі ойлайды. Құдай мұны қаламайды, егер көз байлаушыға баруынды тоқтатпасаң, кімнің билігінде болатынынды Құдай саған үрей арқылы көрсетеді". Мен бұл жауабы үшін Тәңірге ризалық білдіремін. Мен әлсіздігіме қарамастан, дәрігерге көз байлаушылықтың зардабы туралы түсіндіре алдым. Ол мені қулімсірет тыңдағанымен, менің ойымды түсіне алмады. Мұнда тұрған ештеңе жоқ деп мені сендерімек болды. Бірақ мен аруханадан кетуге бел будым".

Құдай бізге ерікті басқа біреуге табыс ету үшін берген жоқ, өйткені сол біреу біздің еркіміз арқылы өз өктемдігін кімге қалай жасайтынын да білмейміз. Сенушілер өз еркін Құдайдың билігіне тапсырып, тек Соған сенуге тиісті.

Спиритизм және оның зардабы туралы мына бір хаттан оқып білуге болады: «Ф» мырза шешесінің немесе енесінің аруағы болып келген жын-шайтан жылдар бойы өзін алдаң келгені туралы қорытынды жасағанеді. Мұның зардабы “Ф” мырзаның отбасында өте қатерлі болды. Әйелі түсініксіз бір аурудан мезгілінен бұрын қайтыс болды. Оның денесін қатты ауыратын күйікке ұқсас қызыл дақтар жауып кетті. Оған ешкім көмектесе алмады. Спиритизмді зерттеп, сол туралы дәріс оқуды мақсат еткен бір мырза да осы сырқатқа ұшырады». Хат авторы әрі қарай былай деп жазады:

«Бір әйелді осы ауру мендегенде, мен одан: «Сиқыршылықпен айналысқан жоқ па едініз?» – деп сұрадым. Ол мұндай оқиға болғанын жасырмай айтты. Мен дереу науқастың бөлмесіндегі осы мазмұндағы бүкіл кітапты отқа жақтым. Оған бата сұрап, дұға оқығаннан кейін, сырқаттың беті бері қарап, бойын жеңіл сезінді, ал келесі күні төсегінен тұрып кетті».

Спириттер Құдай Сөзін тындағылары келмейді, олар қалғып-мұлгиді немесе жиналған жерде есінеп отырады. Бойды мендеп алған жын-шайтан денені тітіркендіріп, түрлі дауыстар шығаруға итермелейді. Бірде жас қыздың денесі селкілдеп, бірнеше сағат бойы тілі байланып қалғаны бар.

Аруақтардан сұрап отырып, бүкіл сауалға жауап беретін сәуегейлер де бар. Берлинде бал ашатын бір әйел болды, ол түрлі жынды шақырғаны үшін алатын ақысын есік сыртына жазып қоятын. Сенуші адамдармен кездескенде, мұндай сәуегейлер нақұрыстасып кетеді. Бұл олардың ауыр, қадала қарауларынан немесе бекерден-бекер түкіре беретіндіктерінен, сенушілерге қарай қолдарын сермеулерінен байқалады.

Бәрін танып-білуге құштар болып сиқырды зиянсыз деп ақтау қандай қауіпті!

Шайтан мың құбылып, бізге нұрлы періштенің кейінде де көріне алатынын бізге мына бір хат дәлелдейді. Онда елші Пауылдың, Лютердің және т. б. аруақтары қатысады деген оккультистер жиыны туралы айттылады. Бұлар оған түрлі түсініктемелер береді. Ең сұмдығы, олар осы бас қосуда тек Біреу туралы әнгімеледі. Ол Біреу – Иса. Мұны қалай түсінуге болады? Олар өз қылықтарын Құдайдың қолдауымен істейміз деп сенеді. Сонда не болғаны? Өйткені, өлгендердің әруағын шақыруға және олардан сұрауға Киелі кітап тыйым салды емес пе? Шын мәнінде, қай рухтың келетінін мұндағылардың ешқайсысы білмейді. Дұға оқылғанына қарамастан кейір жиналыстарға бірде-бір рух келмеді. Бүкіл қатысуышылар “сенушілер” болуы тиіс, шубә келтірушілердің кірмеуін өтінді. Медиум – 70 жастағы кемпір. Күнделікті өмірде ол ауызекі сөйлеу тілін ғана білетін қарапайым әйел. Оның рух айтқан күрделі сөйлемдерді қалай жазатыны мен үшін жұмбақ. Оның жазғанынан мысал келтірейін: “Құдайдың, өздеріңнің Өтеушілерің және Құтқарушыларыңның

атынан сендерге менің – бауырларың Пауылдың рухы келеді. Тыңдаңдар! Мұнда бұл туралы дұрыс түсініктері жоқ адамдар бар. Сендер өздеріңің қате көзқарастарыңмен еріншек, жылымшы болудан сақтаныңдар. Қымбатты жандар, Исаның Әкесіне жақын жүріндер, бақыт құні жарқырап тұрғанда, өздерің тілегендердің бәрі де болады, сендер көтеріңкі көңілде қымбатты Әкеге қуанған жандарсыңдар, алайда сендердің үміттерің үзіліп, бақытсыздыққа душар болғанда досың көмекке келмесе, сендер бір нәрседен қорқып, күмәндانا бастайсыңдар. Сондықтан, менің сүйіктілерім, егер кейде айналаларыңда қара бұлт түйіліп келе жатса, Иса Әке арқылы құш алып, нұрға қарай батыл қадам басуларың керек. Құдай сендермен бірге! Сау-саламат болыңдар!"

Елші Пауыл осындаған бос мылжың сөздерді айтар ма еді? Ол «Иса Әке» туралы айта алар ма еді? Киелі кітап тұрғысына аз-кем ойдана білетін адам мұның алдамшы, жалған екенін бірден түсінеді. Шайтан неліктен өзін періште кейпінде көрсетіп, Пауыл елшінің атынан сөйлейді? Оның түк те құпиясы жоқ. Тірі Құдайды іздеген жандар осындаған жолмен Мәсіхшілердің ақиқат өмірінен және Құдай Сәзін дұрыс түсінуден қол үзеді. Міне, осылайша оккультистер он бес жыл бойы бас қосуда. Егер олар дұрыс жолда болып, өз өмірлерін Тәңірге қызмет етуге жұмсаса, осы уақыт ішінде қаншама игілікті іс тыңдыруға болар еді. Амал не, шайтан оларға жалған әділдікті ұсынды. Сөйтіп олар шындықтан тайып, ақиқатты аяққа басты.

## Теософия

Шайтан оккультистер секілділор бериандегендерді де адастырып бағуда. Лорбериандар дегеніміз, періштelerдің дауысын естіміз деп айтатындар, өздерінің медиум-әкесі Лорбердің кітабын “Ізгі хабардың аянышты кітапшаларынан” жоғары түр деп есептейді.

Грацтық музыкант Яков Лорбер XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген. Бір күні ол өзінің ішінен дауыс естіген. Осы дауыстың жетегіне еріп, ол «Жоханның Ізгі хабары» деп аталатын көп томды кітап жазған, мұнда Исаңың өмірі әр күні күнделік формасында берілген. Мен осы еңбекті оқып шығуға қанша тырыссам да, оқи алмадым – Құдайдың киелілерін балағаттау менде қатты жиіркеніш тудырды. Бұл жалған «Иса Әкенің аяндарын» лорбериандардың Киелі Рухқа кенелген Құдайдың пайғамбарлары Ишая мен Еремия жазбаларымен қатар қоятындарын қайтерсің. Ал шын мәнінде, Яков Лорбер бар-жоғы көшірмеші медиум ғана болған.

Бір бауырлас маған былай деп жазды: «Өмірімді дұрыстап өткіземін» деп ойша уәде бергендерді де шайтан тауып алады. Мұндайларға ол киелену ілімі – теософияны ұсынады. Оған қоса, ол бұл ізденушілерге олардың ауыр да жанқиярлық қуресі үшін табиғаттан тыс бақытты сәтті сый-сияпат етіп береді. Еркіндік пен азаттық – бұлар әрбір шынайы теософтың басты мақсаты. “Құпия хикая” (Даналық кітабы) мен “Жаңа селимнің” жазбалары (Лорбердің еңбектері) адамдардың Ізгі хабарға көзқарасын бұзады.

Менің басымда да осындай жағдайлар болды. Мен медиумдардың ілімімен, оккульттік әдебиет арқылы көріпкелдермен, тұс жорушылармен, спиритстермен таныстым. Алғашында шайтан мені өз қолыммен түрлі құлақтандыруларды жазуға итермеледі, яғни, мен қолымды ұсынып едім, ол бүкіл денемді алып қойды. Шайтан майда тілімен мені спиритстерге медиум болуға үгіттеп бақты. Жынперілер тіліме ғана емес, тәніме де иелік етті. Менің халімнің жаман болғаны сондай, тіпті есі ауысқандар үйіне жіберді. Өз бетіммен құтылуға қүшім жетпеді, ал бірде-бір оккультист маған көмектесе алмады. Ең үрейлі, қорқынышты сәт келді: шайтанның жүргегімді жауап алғанын анық сезіндім. Шайтанның кебін киіп, мен жақындарымды, сондай-ақ Исаның атын келеке еттім. Нағыз тозақ азабы басталды. Жындар мені құннен-құнгә азапқа сала берді. Осындай қиналыс кездерінде денемді жарақаттап алдым... Мені жындыханадан шығарғанымен, денсаулығым толықтай бұзылды, сал бол қалдым, денемде өлсіздік пайда болды. Мен үшін жаннаттың есігі жабылды. Шайтан болса, өзінді өзің өлтір деген "дана" ақыл берді. Бірақ күнделікті азапқа қарамай, мен өмірді сүйгендіктен, ондайға бара алмадым. Құдайға тәубе, Ол мені Тайхвольфрамсдорфқа жетелеп әкелді. Мұнда мен Иса туралы естідім. Алайда Құдай менің бұрынғы жағдайымды біледі ғой деп ойлағанымда, күйзеліске түсіп кететін кездерім де болды. Соған қарамастан жүрегіме Исаның аты терең ұялай бастады. Ақыр аяғында мен сенімге ие болдым. Сондағы қуанышымды айттып жеткізе алмаймын! Бір ғана есімді мәңгі

даңқтап, Оған табына алам, бұл есім – Иса Мәсіх! Ол тірі! Көп кешікпей Құдай Рухы менің көмегімсіз-ақ бүкіл жын-періні қыып, мені ауруымнан айықтырды. Мәсіхтің Қаны мен Оның Рухы көп жыл бойы еш нәтижесіз курескен мені жын-перінің қыспағынан босатты. Сал бол қалған денем араға бірнеше апта салып қайтадан қозғалысқа келді, дәрменсіздіктен арылып, мұлдем сауығып кеттім. Мәсіхтің құтқаруын керек етпеген оккультистер, теософттар, спириттер, көріпкелдер, магнитопаттар, көз байлаушылар – Мәсіхтің мейіріміне әлі сенбегендегі туралы ойлағанда жүргегім сыйzdайды. Оларды алда қандай тағдыр құтіп тұр!?

Тіпті қазірдің өзінде шайтан мені азғырмақ болады, жын-шайтандар маған қол жұмсауға тырысады, бірақ олар дәрменсіз, өйткені, мен Мәсіхтің Қанымен құтқарылған жанмын!"

### **Спиритуализм**

Басқа бір хаттан мынаны оқимыз: "Мен қызмет бабымен жүріп, мәсіхшілерміз деп санайтын отбасымен танысқаным дейін сенуші болған жоқпын. Олар болса, Құдайға құлшылық етіп, жиналыстарға қатысатын, тыныш өмір кешіп, біреудің қайғысына ортақтасатын. Бұл адамдар өздерін спиритуалистерміз десе де спириттер еді. Мұның не еkenін білмедім, бірақ онда құдайшылдық, жақсы бір нәрселер болуы тиіс деп ойладым. Бұл адамдар мені өздерімен бірге жиі ертіп жүрді, бір сенуші бауырлас бұл күнә деп түсіндіргенше, шамамен бір жылдай уақыт бойы спиритизм бұғауында

болдым. Төрт аптаға жуыққа созылған қиян-кескі күрес басталып, әйтеуір Құдайға тәубе, Ол мені құтқарып алды. Осы төрт апта ішінде менің көзіме бәрі екеу болып елестеп, құлағым екі дауысты қатар естіді. Кешке, спириттер жиынынан кейін мені үрей билеп алатын болды, үшбұрыш ішінде жарқ-жүрқ еткен бір нәрселер елестей бастады. Шынайы адап жолды көрсете гөр деп Құдайға құлшылық еттім. Мәсіх жолын ұстанушылар қауымына барып, тәубеге келдім, енді Исаңың мейірбандылығы мен сүйіспеншілігіне бөленіп, Құдайдың азат тақуанышты баласы болғаным алғыс айтамын".

Спиритуализмнің көдімгі спиритизмнен бір ерекшелігі – мұнда ешқандай тәжірибе жүргізілмейді. Жиындар ән айтып, мінәжат етумен, Киелі кітапты оқыға, оқылған жерді түсіндірумен басталады, бұған бәрі де қатыса алады. Тыныштық орнаған сөтте, транс жағдайындағы медиумдардың бірі орнынан тұрып, Жазбаны түсіндіре бастайды. Ол 10-30 минут сөйлейді. Әдетте олар былай деп бастайды: “Құдайдың сүйікті балалары, сендерде жан тыныштығы болсын. Мен мендерге Аспандарғы Әкемнің Сөзін жеткізгім келеді”. Медиумдар Құдай періштесі, Көне Келісімнің пайғамбары, Мартин Лютер және тағы басқалар болып сөйлейді. Мұндай бас қосуларға өздерін “Ақиқат жолының үйымы” немесе “Эммаустың үйымы” деп атайдын алты медиум қатысады. Бұл алтаудың үшеуі – шешен-медиумдер де, ал қалған үшеуі – көріпкелдер.

Олар қатысушыларға қазіргі сәтте жиналышта не болып жатқаны туралы әңгімелейді. Мәселен: медиумның рухы өз қамқорлығындағы адамды

қалдырады да, оның үстелінің жанында тұрған бөтен рух медиумге еніп, сол арқылы әрекет жасай бастайды. Тек тұрақты мүшелері ғана қатыса алатын жыныға қатысушылардың айтуына қарағанда, оларға "Иса Мәсіхтің Өзі" келетін көрінеді. Сол кезде бәрі де бата алу үшін тізелерін бүгіп, бір-бірден еңбектеп жақындайды. Олар спиритуализмді таза рухани ілім ретінде көрсетуге тырысады және он екі шәкірттің есімін алған он екі бауырды Исаңың өзі үйретеді деп сендіреді. Медиумдер де Киелі кітаптағы белгілі кейіпкерлердің есімдерімен аталынады. Иса Мәсіх шәкірттерін үш жыл үйретуге тиіс, содан кейін олар жетілген деп саналады. Ал бұдан басқаның бәрі үзілді-кесілді жоққа шығарылады, өйткені олар білімнің бәрін медиумдар арқылы өз ұстазынан алды деп есептеледі. Олардың айтуы бойынша, адамзаттың жерде білім алуы мен түзелуі үшін Құдай жерде қалдырған бір нәрсе бар. Медиумдерге тек арнайы бағышталған жоғары тіршілік иелері ғана келеді. Спиритуалистердің міндетіне сондай-ақ медиумдер арқылы айтылатын өлгендердің рухын Құдайға әкелу жатады. Мынандай да жағдай болған. Кезінде ғибадатханаларда ұрлық жасаған, өлгеніне 200 жыл болған бір адамның аруағы медиум арқылы сөйледі. Kicі өлтірген біреудің аруағы да осылай етken және т. с. с. "Бауырластарға" бұларды рухтармен бірге дұға жасау арқылы Құдайға әкелу туралы тапсырма берілген көрінеді. Құдай туралы естігіci де келмейтін рухтар бар. Бас қосуға әрқашан бұрынғы рухтар келеді. Бұл рухтар басқа рухтарды да шақырады. Сондай-ақ зұлым ниетті рухтар да келеді. Бірде сондай дүлей күшті рух жай күндері әлсіз

медиумдардың біріне енеді. Сонда нақұрыстанған медиумды ұстап тұруға 4 медиумның күші зорға жеткен кез де болды. Осыдан соң ол 15 минут қозғалыссыз, демсіз жатты. Барлық “бауырластар” мен жиынға қатысушылар жанның денеге қайта оралуы үшін дұға оқыған көрінеді. Рух медиумды босатқаннан кейін, ол ештеңе болмағандай орнынан тұрды. Бірақ мұндай оқиғалар тек санаулы адамдар болған орталарда ғана болды.

Келген рухтарды “бауырластар”: “Сенің күнәңнің кешірілуі мүмкін, олар қан сияқты қызыл болғанымен, оларды қардан да әппақ етіп жууға болады”, – деген секілді сөздермен қарсы алатын көрінеді. Рухтар көптеген түрлі құпияларды да ашады.

Бірде бір әйел мені осындай жиынға шақырды. Ол әйелдің өзі дәрігерлер көмектесе алмаған көптеген сырқат адамдарды магниттің күші арқылы сауықтырған көрінеді. Ол ақы-пұлсыз емдейтіндіктен, адамдар оған толассыз ағылады еken. Мен сонда емделуге келген бір сенуші апайды да көрдім, ол мұнда тұрган ештеңе жоқ деген сыңай танытып, бұл жерде бәрі Иса Мәсіхтің атымен және дұғамен жасалатының айтты. Ұйымның ұраны: “Өзіңнің Құдай Тәнірінді және жақыныңды өзіңдей жақсы көр”.

Сpirituализмнің қаншалықты кең тарағанын мынадан көруге болады. Жиында айттылғаның бәрі стенография арқылы жазылып алынады да, кейін бұл дәріс көбейтіліп таратылады.

Шайтанның кез келген жолмен адамдарды алдап-арбауға әзір тұратының көрдіңіздер ғой. Адамдар мұны күнә деп ойламауы үшін ол Киелі кітаптан,

дүғадан сөздерді алып, Құдай Әке, Ұл және Киелі Рух атынан айтады. Бұдан ештеңе өзгермейді. Бәрібір осы күнә арқылы адам шайтанның шырмауында жүре береді.

### **Aстрология**

Мен сіздерді астрология, яғни жұлдыздар саласын зерттейтін ғылым туралы айтылған хатпен таныстырсам деймін:

“Осыдан біраз уақыт бұрын, – деп жазады бір әйел, – мен Берлиндегі астрологқа болашағымды біліп беруді өтініп хат жолдаған едім. Көп кешікпей одан жауап алдым. Бұл адам өмірімнің алғашқы жартысында менде бақыттың болмайтынын, ал оның есесіне өмірімнің екінші жартысында үлкен табыс пен баянды бақыт күтіп тұрғанын айтыпты. Ол менің өміріме қауіп төндіретін екі оқиға туралы болжапты. Енді мен күндіз де, түнде де тыныштық табар емеспін. Киелі кітапты оқығаныммен, ештеңе түсінбеймін”.

Осы мазасыздық пен үрейдің өзі – астрологтардан алдағыны сұраудың күнә екендігінің нақты дәлелі емес пе?

Тағы бір хатты оқыық: “Сіздерде де көптеген адамдар спиритизммен айналыса ма? Бізде осында жиырмаға жуық үйірме бар, тіпті кішкентай балалардың арасында да осында үйірмелерді үйімдастыруда. Мұндай істердің зардабы қандай болатынын көрсетіп берген Құдайға біз ризамыз. Жақында бізде бір жас жұбайлар қонақ болды. Олар да шайтанның шырмауына түсіп қалғандардың

бірі болғандарын айтты. Байғұс әйелді жынның айналдырғаны соншалық, ол есі ауысқандар үйіне түсіп қала жаздады. Сол кезде бірнеше сенуші адамдар олар үшін сиынып, ол ұзақ уақытқа созылған рухани шайқастан кейін шайтанмен байланысын үзді. Ол әңгімесін аяқтағанда, жүзі қуаныштан бал-бұл жайнады: «Енді шайтан маған түрлі жексүрын ой салса, бірден Құтқаруышыны шақырамын, сонда бәрі қалпына келеді».

Құдайға шүкір, Мәсіхтің аты оккультизмнің құрбаны болғандарды құтқаруда. Аспан астында адамдардың құтқарылуы үшін берілген бұдан өзге есім жоқ.

## **Шайтанның шырмауынан қалай құтылуға болады?**

*Бұл осы кітаптың соңында айтқалы отырған  
ең маңызды мәселе*

### **Kүнәні мойындау**

Алдымен кекке баратын жолды жабатын ауыр күнә туралы айтылып жатқанын түсіну керек. Бұл жөнінде Киелі кітапта қалай айтылғаны туралы тағы да естерізге сала кетейін. Леуіліктер кітабының 19-тарауының 31-аятында былай делінген: “Аруақтарды шақыратындарға істерің түспесін, сиқыршыларға да бармандар, өздерінді олардың қорлауына бермендер. Мен, Тәңір, сендердің Құдайыңмын”.

Толығымен түсінікті болуы үшін, қосымша ретінде Леуіліктерден 20:6,7; Мысырдан шығудан 22:18; Зандарды қайталаудан 18:9–13; Аяннан 21:8; 22:15-ші аяттарды оқыңыз.

Бұл жерлерде мұның Құдай алдында жексүрын қылыш екені, күнә жайлы айтылып, ал оны жасағандарды таспен атқылап, адамдар арасынан аластау және Құдай Патшалығына енгізбеу жазалары қолданылатыны туралы жазылған.

Тағы да айтамын: ең бірінші мұның ауыр күнә екенин түсіну керек. Бірақ адамдардың көвшілігі мұны ермек деп есептейді. Олардың жауабы: “Бос сөз! Мұның күнәға қатысы жоқ. Бұл шайтаннын емес!” Басқалары болса: білмегендіктен жасалған іс екендігін, оның ақыры мұндай сұмдық болатындығына сенбейтіндерін айтады. Ал кейбіреулері – бұл мұлде

зиянсыз іс деп есептейді. «Мұны маған Құдайды қастерлейтін әкем айтты... “Менің дүниеден өткен шешем осымен айналысып еді... Мұнда тұрған ешқандай жаманшылық жоқ...” Тіпті былай дейтіндер де бар: “Сиқыршылықты күнә дегеніңізге өкініш білдіріп ашық жариялауыңыз керек. Бұл елшілер арқылы жеткен киелікітаптық айықтыру құралы ғой. Егерде сен оған сенетін болсаң, оның көмектесетіні бұған айқын дәлел, себебі сауығуды Құдайдың атынан аласың ғой”.

Мұның бәрін зиянсыз діни сауықтыру құралы деп есептейтін адам шын мәнінде тәубесіне келуге тиісті. Менің айттайын дегенім, мұның күнә екенін мойында мағандар мәңгілікке шайтанның шырмауында тозақта қалады.

Құдай сөзі арқылы бал ашумен, сиқыршылықпен айналысу – үлкен күнә екенін, егер де дер кезінде тәубеге келмесендер, онда Аспан Патшалығына жолдың жабылатынын дәлелдеуге тырыстым. Сондай-ақ сиқыршыларға сену, болашағымды біліп бер деп бал ашуыша бару, түрлі сиқыршылық дуалары мен құралдарды қолдану, мәселен: тұмар тағу, ыдыс айналдыру, аруақтарды шақыру арқылы о дүниеде не болатынын білмек болу күнә болып табылады. Сиқыршылықтың күнә екенін білетіндер онымен айналыспайды. 13 санынан және жапалақтың дауысынан қорықпайды, тауып алған тағаны бақыт белгісі деп есептемейді және өзінің денінің саулығын айтқан кезде сол иғынан асыра түкірмейді.

Бұл істер сіздер ойлағандай зиянсыз емес. Әйткені, біздің бақыттымыз беригілігіміз тағаға емес, Құдайға байланысты ғой. Егер біз тағадан бақыт

күтсек, онда бұл біздің Құдайға және Оның Әкелік қамқорлығына толық сенуіміз болып табылар ма еді? Түкіру мен ағашты тықылдату да жалған тәнірge табыну. Бұл – әдемілікке «көз тимесін» деген жалған да зымиян ырым, бұл біздің Құдайымыз күншіл және адамдарға жақсылық пен денсаулық тілемейді деумен бірдей.

Біз өзіміздің Жаратушы Әкеміз туралы осылай ойлауға қалай дәтіміз барады? Пайдасыз, бекер ырымдармен Оның қаһарына ілігуге бола ма? Адамға қорқыныш үйіретін ырымдар келмеске кетсін. Кемеліне келген сүйіспеншілік үрейге жол бермейді, өйткені қорқыныш азап әкеледі.

Шын мәнінде, сенушілер арасында ырымшылдардың әлі де көп екені даусыз. Олар бұл туралы көп ойланбайды да. Олар тіпті түрлі ырымдардың қайдан шыққанын түсінуге тырыспайды да. Дегенмен ырымшылдық – шынайы Құдайды жоққа шығарады, сондықтан, тағы да айтамын: ең алдымен, сиқырдың кез келген түрі ауыр күнө екенін мойындау қажет.

### **Тәубеге келу**

Екінші қадам – осы күнәні мойындал, тәубеге келу болып табылады. Тәубеге келу деген не? Тәубе дегеніміз – өзойынды толықтай өзгерту. Сиқыршылық тек әзіл, оның үстіне залалы жоқ әзіл деп ойлауға құқын жоқ; қайта Құдайды ренжіткенің, Оның қасиетті Есімін елемегенің үшін Құдайдан кешірім сұрауға тиістісің. Құдайдың Ұлы – Иса Мәсіхтің Қаны бізді қандай күнәдан болса да тазартатыны үшін біз Тәнірге ризалығымызды білдіреміз. Егер біз

шынайы тәубеге келе алсақ, онда Оның Қаны бізді сиқыршылық күнәсінен толық азат ете алады.

Мүмкін сен: "Мен өз еркіммен сиқыршыға барған жоқпын ғой. Мені бала кезімде біреу апарды. Мен өзіммен осылай болсын деп тілеген жоқпын", – дерсің.

Ол да мүмкін. Бірақ бұл бәрібір күнә ғой, сенікі болмаса әке-шешенің күнәсі. Ал ақиқаты – бұл сенің еркінен тыс жасалғанымен, сен бәрібір шайтанның билігіндесің. Шайтан – жан түршігерлік дұшпан. Оның қол астына сен өз еркінмен немесе басқаның әрекетімен түстің бе, ол оған қарамайды. Оған бәрібір. Енді ол сиқыршылықтың күнәсі арқылы өзімен байланысқандарды азаптап, мазақ етуде.

Адамдардың шайтанның шырмауына түскенін, сол арқылы оларды қырсық шалып, өздерін өздері өлтіруді ойлағанын қаншама рет көрдім. Бұл күнәнің мәнісі – бір кездे оны біреулердің сиқыршыға баруға ақыл бергенінен немесе бала кезінде бұл күнәға оны басқалардың үгіттеп душар еткенінен деп түсінеміз.

Шайтан тек бір нәрседен ғана – Иса Мәсіхтің Қанынан ғана қорқады! Иса Мәсіхтің Қаны – бұл кешірім мен күнәнің өтелуінің белгісі. Кімде-кім Исаны шақырса, сол барлық азаптан құтылады.

Сондықтан құтқарылуды құрбандық Тоқтының Қанынан ізде және Тәнірден сені тазартып, күнәдан азат етуін сұра.

## **Сенім және мінәжат**

Құдайдан бізді қасиетті Қаның арқылы тазарт деп сұрауымыз Мәсіхтің қаны бізді барлық күнәмізден тазарттынына толықтай сенуімізben сәйкесуі керек. Ефес. 1:7-де жазылған Құдай Сөзіне сену қажет. Онда былай жазылған: “Құдайдың шексіз зор рақымымен Мәсіхтің құрбан болып қаны төгілуімен төлеміміз өтеліп, біздер жамандықтың құлдығынан азат етіліп, күнәларымыз кешірілді». Біздің мінәжатымыз Исаңың Ғолғотадағы айқыш ағаш арқылы кәрі жыланның басын жаншып, шайтанның билігін алып тастағанына деген сенімге құрылуы тиіс. Кіелі кітапта 36 мың уәде бар. Бірақ қөвшілік адамдар үшін бұл уәденің ешқандай күші жоқ. Неліктен? Егер шайтанның: “Мұның саған қатысы жоқ, сен бәрібір тозаққа кетесің”, – деп сендіруіне мүмкіндік берілсе, бұл адам Құдайдың уәдесіне құлақ қоймай, шайтанға көбірек сенеді. Сондықтан ондайлар үшін уәденің күші жоқ. Шайтанға сенудің арты не боларын ойланып көрші. Осы арқылы Исаңы «өтірікші» атадың ғой. Ол осыған лайық па еді? Ол: “Жол, шындық және шынайы өмір Менмін”, – деп айтқан жоқ па? Құдайдың бүкіл уәдесі Исада екені шындық қой? Аумин! Шайтан әуелден өтірікші және өтіріктің атасы. Ол өтірік айтады және барлық пенде біткенді алдайды. Сен мұны байқамадың ба? Күнәға батырар алдында шайтан адамзатқа алтыннан тау түрғызып беремін деп уәде етеді, ал ол жетегіне еріп, күнәға батысымен, ол адамды мазақ қыла бастайды: “Сенің күнәң тым көп, енді саған кешірім жоқ”, – деп қорқытады. Бұл барып түрған сұрқиялыш емес пе?

Ал сенің осы алдамшыға сенгің келе ме?

Иса Мәсіх былай дейді: «Мен Өзіме келгендерді ешқашан қыып жібермеймін. Мен оларды жақсы білемін, олар Маған еріп жүреді. Соларға мәңгілік өмір беремін. Ешкім оларды Менің қолымнан тартып алмайды».

Енді сенің кімге сенгің келеді: шайтанға ма, әлде өзіңің Құтқаруышыңа ма?

«...әлі де күнәкар болып жүрген кезімізде біз үшін Мәсіх өмірін құрбан етті! Осы арқылы Құдай бізге Өзінің зор сүйіспеншілігін дәлелдеді. Енді біз Мәсіхтің қаны төгіліп құрбан болғандығы арқылы ақталған соң, Оның арқасында Құдайдың қаһарынан мәңгілік құтқарылатынымыз да сөзсіз!», – деген елші Пауылдың куәлігіне сен. Өз Құтқаруышыңа сен! Ол сені алдамайды. Ол тек ақиқатты айтады. Оның Сөзіне сүйен – біздің Тәңіріміздің Сөзі мәңгілік!

Шайтанмен бұдан былай байланыспа, оның сөзіне құлақ салма. Жақып былай деді:

«Шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден безіп кетеді. Құдайға жақындаңдар, сонда Ол да сендерге жақындейды».

Сонымен, өзінді алдайтын шайтанның сөзіне сенбе. Құтқаруышың Исаға сен, өйткені, Ол – Ақиқат. Ол тек шындықты айтады.

### ***Mінежат арқылы қолдау***

Алайда тағы бір өкінішті нәрсе бар: біз күнәміздің кешірілгеніне сенімді болсақ та, баяғы ескі арбаудың ықпалы аласталған жоқ. Ежелгі күнә қайтадан өзіне тартады. Мұндай жағдайда не істеу керек?

Елші Жақып бізге былай деп кеңес береді: “Сондықтан сауығып кету үшін, жасаган күнәларыңды бір-біріңе айтып мойында, бір-бірің үшін сиыныңдар! Әділ адамдардың Құдайға сиынуларының күші орасан зор” (Жақып 5:16). Шайтанның шырмауынан өздігінен құтыла алмайтындар ез қылышы жөнінде Мәсіх жолын ұстанушы бауырласының алдында тәубеге келіп, күнәсін мойнына алсын, сөйтіп бауырластарымен бірге мінәжат етсін.

Иса бірлесіп жасалған мінәжатқа айрықша жарылқау беретіні туралы уәде етті:

«...жер бетінде екеуің келісіп, қай нәрсені болса да көктегі Әкемнен сұрасаңдар, Ол соны бермек. Өйткені екі-уш адам Мәнің атымнан жиналса, Мен де сол жерде арапарында боламын» Матай 18:19,20.

Осылай бірлесіп мінәжат етуге ұмтылындар. Мұны барынша жиірек жасау қажет. Кейде дүшпан өктемдігі адамға қайтадан бой көрсете бастайтыны бар. Ондай жағдайда мінәжатты қайталаған жөн. Бұл қатты ауырғандағы жағдаймен бірдей. Дәрінің бір рет қана қабылдан қойған жеткіліксіз. Аурудан сауыққанша емді жалғастыра беру керек.

### **Ораза ұстау**

Иса Мәсіх былай дейді: “Мұндай жындарды тек Құдайға сиынып, ораза ұстаумен ғана қыып шығуға болады”. Мұның мәнісі – өткінші дүниеден онашаланып, ұзақ уақыт мінәжат ету арқылы жоғарыдан күш алу деген сөз. Қөптеген адамдар

Құдайдың құдіретімен, шынайы Мәсіх жолын ұсташуышылармен байланыс жасап, Құдай сөзін бірге оқып, бірге мінәжат етудің арқасында шайтанның шырмауынан босатылды. Егер мүмкін болса, Құдай Сөзі күшінде тұрған жерде жиірек бол.

### *Қол қойып мінәжат ету*

Қол қойып мінәжат етіп, бата сұрауды өте бағалаймын. Бұл дұшпанымыз – шайтанмен байланысты үзудің ең бір жақсы құралы екендігіне ертеден-ақ көзім жетті. Қолымызды үстіне қойып мінәжат етудің қалай жарылқайтынының бір мысалын келтірейін. Бір әйел хатында қүйеуінің картамен бал ашатын шешесінің кесірінен мазасыздыққа шалдыққанын айтады. Мен оған келесі бір жолы үстамасы үстаган кезде үстіне қол қойып мінәжат ету керектігін айттым, себебі қол қойып сиыну қауым жетекшісінің ғана емес, қараптайым сенуші адамның да ісі болып табылады. Бірнеше айдан кейін әйел жауап берді: «Менің қүйеуім сізден хат алған күні арпалыста еді. Біз бірге тізе бұktіk te, мен оның денесіне қолымды қойып, Исаңың құрбандық Қанының құдіретті күшін шақырдым. Оны жаншыған ауыр салмақ сыптырылып түсті. Мұндайды, тіпті, өзіміз де күткен жоқпзыз. Қүйеуім мазасыздықтан арылды, осымен алты ай бойы әлі бір де бір рет үстамасы қайталаган жоқ».

Келесі үзінді Гергард Кульманның дәптерінен алынған, онда жан қамқорлығына қатысты денеге қол қюодың мағынасын көрсетеді:

Жақыптың хатынан: «Қайсыбіреуің ауырып қалса,

қауым жетекшілерін шақыртсын. Олар маңдайына Жаратқан Иенің атынан май жағып сиынсын. Сеніммен сиынғандарыңа бола Иеміз науқастың денсаулығын қайтадан қалпына келтіріп, сауықтырмақ» дегенді оқимыз. Олардың арасынан тазалықта денеге қол қойып сиынуды толық күшпен жүзеге асыра алатындарын шақыру керек. Екінші жағынан, бұндайдарының барқызметкерлер кез келген қауымда болады. Дегенмен, денеге қол қоюды тек қауым мүшелері атқарғаны жөн. Белгілі бір қауымның мүшесі емес адамдардың қол қоюынан сақ болған абзал. Тек осылайша дұрыс қамқорлық жасалады және адам жаңының ішкі халін қате бағалаудан абай болады. Қол қойып сиыну мүмкіндігі туралы анық жауап алуда ораза мен мінәжаттың мәні зор (Ел. іст. 12:2-3). Бұл қызметке Көне Өсiette ерекше мән берген. Киелі орында қызмет етуге қолы сиынған адамға рұқсат етілмеген (Леу. 21:19). Жаңа Өсiet тұрғысынан саналы түрде күнә жасап жүрген адам бата беруге қатыса алмайды. Сондықтан алдын ала ішкі тазару жүргүгө тиіс. Тек адам өз еркін шынымен Құдайға бағындырығысы келсе ғана Құдай қол қойып сиынуды жарылқай алады. Керісінше жағдайда қол қойған адамда күнәнің рухын берудің, батаның емес, күнәнің берілуінің себепшісі болу қаупі бар. Скеуаның жеті ұлымен болған таңғаларлық оқиға (Ел. іст. 19:13) Құдайдың қорғанышы мен қаруына ие болмай тұрып, жынданған жаңға көмектескісі келетін адамды шайтанның күші жеңіп кететінін көрсетеді.

Тәнірдің алдына бөтен отты апару адам өміріне қауіп төндіреді (Леуліктер 10:1), сондықтан елші Пауылдың: «Адамдардың үстіне қол қойып, батаңды

беруде асығыстық жасама», – деген сөздерін еске салуды қажет деп таптым (1Тімote 5:22). «Әйтпесе олардың күнәларына сен де қатысты боласың», дегенді Пауылдың әдейі қосқанына күмән жоқ.

### *Алғыс айту, ризашылық*

Шайтанның шырмауындағы адамды көбінесе Құдайға қарсы ой мазалайды. Ал бұл ойдан қалай арылуға болады? Бұл жерде мынадай ақыл-кеңес бергім келеді. Әрине, өзінің жүргегінен шықпаған осындағы ой мазалай бастаса, сол сәттен бастап мұлдем басқа нәрсе туралы ойлау керек. Ғолғотадағы айқыш ағашты, онда жүзеге асырылған құтқарылуды есінде түсір.

Осы құтқарылу үшін Құдайға мадақтау мен алғыс сөздерін айт. Былай деп жазылған ғой:

«Мені мақтайтын жан құрмет көрсетер Маған,  
Сақтанып жүргенге құтқаруымды ашам»

Забур 49.

Киелі Жазба бізді үдайы сиынуға шақырады. Пауыл: «Иеміз Иса Мәсіхтің атымен Құдай Әкеге қай нәрсе үшін де үдайы шүкіршілік етіңдер», – дейді. (Ефес 5:20).

Біз құтқарылғанымыз үшін айтқан алғысымызды арқылы Құдайға қарсы ойларға тойтарыс беретінімізге сенімдімін. Құдайды мадақтап, алғыс айтқан сайын, дұшпан күшін жоғалтады. Қай уақытта болса да, не болса да Тәнірғе ризашылығымызды білдіруге үйренейік. «Біздің айқыш ағаш қасында тұрғанымызды көрген шайтанның зәре-құты қалмай қашады», – деген ақын сөзі шындық.

## *Исаның атын атап шақыру*

Егер саған Құдайға қарсылық ой аяқ астынан келіп, сиынуыңа кедергі жасаса, Исаңың атын атап, көмекке шақырсаң жетіп жатыр. Бұл өте қысқа әрі дүшпаның тойтарыс беретін әрекет болып саналады. “Тәңірдің аты – сенімді қорған”, – деп жазылған ғой. Сен шын жүректен Исаңың атын атап шақырсаң болды, сенімді қорғандамын дей бер, өйткені дүшпан сені қанша өурелесе де зиян келтіре алмайды. Мінәжат ете алмасаң, Исаңың атын ата, сонда дүшпанның сенен алыстағанын көресің. Осындай әдісті жиі қолданған сайын, оның ықпалы саған жүрмейтін болады.

## *Құдайға қарсы ойларды айтпау*

Сонымен қатар, сен бір нәрсені естен шығармаудың керек – Құдай бәрін біледі. Ол өзіне қарсы мұндай ой сенің жүргегінен шықпағанын, мұндай ойды сенің жек көретінінді, бұл үшін сен жауапты емес екенінді біледі. Бірақ сен Құдайға тіл тигізетін ойларды қызып жібере аласың, тек келген ойларды дауыстап айтпасаң болғаны. Кейбір адамдар маған өздерін осындай ойлар мазалайтынын, бірақ олар сақтық жасап, оларды қағазға жазбағандары туралы айтқаны бар. Ал біреулері абайламай, бұл жексүрін ойларын жазып алған көрінеді. Бұл лас ойлар есімде қалмас үшін менің тезірек Исаңың Қанына жүгініме тұра келді. Қағазға жазылса және ауыздан шығып кетсе бұл ойлардың күшіне енетіні белгілі. Сондықтан Құдайға қарсы ойды ауыздан шығарудан сақтаныңыздар!

## **Сиқыршылық құралдарын және кітаптарын жою**

Осыған байланысты тағы бір ақыл айтайын: сиқыршылықтың бүкіл құралдары мен мұндай тақырыпқа жазылған кітаптар отқа тасталсын! Пауылдың кезінде Ефесте «Сенушілердің көбі келіп, жасаған күнәларын ашық мойындағы. Бақсы-балгерлікпен айналысатын бірсыныра адам сиқырлық кітаптарын әкеліп, көпшіліктің алдында өртеп жіберді. Кітаптардың құнын есептегенде, елу мың күміс теңге болды» (Ел. іст. 19:18,19).

Егер сениң үйінде осындай заттар болса, бәрін отқа жақ! Бойтұмарларың, түс жоритын кітаптар, таға, бал ашатын карта, жұлдызжорамал сияқты сиқыршылықпен байланысты нәрселердің бәрінің көзін жой. Сөйтіп, дұшпаныңмен байланыстыратын ең соңғы жіптің үзілуі қажет.

### **Kиелі кітапты тұрақты түрде оқу**

Жын-перімен өзінді байланыстыратын соңғы жіпті үзген соң, сен Құдаймен тығыз байланысты күшетуге тиістісің. Ал бұл үшін ең алдымен, күн сайын Киелі кітапты оқығаның жөн.

Бұған сениң былай деп жауап беретініңді алдын ала біліп отырмын: “Киелі кітап маған түсініксіз, бұл мен үшін жұмбақ кітап. Оны оқыған сәтте менің жүрегімде “күрес” басталып, Құдайға тіл тигізетін ойлар келеді. Ал бұл күресті болдырmas үшін, менің Киелі кітапты оқымағаным абзал”.

Дұшпаныңның не тілеп отырғанын байқаған болар-

сың? Ол сені жанымыздың азығы – Киелі кітаптан бұрып алып кетуді аңсауда. Кімде-кім Киелі кітапты құн сайын оқыса, сол арқылы қунәмен күресетін күш жинай алады. Шайтан Киелі кітапты оқуға уақытым жетіспейді деген сылтауды айтқызуға тырысып бағады. Әзәзілдің бұл айла-шарғысына нақты, қатаң ережені қарсы қойған жөн.

Құніне үш рет тізесін бүгіп, Құдайға құлшылық етуді Даниелден үйренейік. Ол мұнысы үшін өзін өлімге кесетініне де көніл аудармады. Нәтижесінде, мінәжат ету әдеті оның қорғанышына айналды. Міне, бұл қорғану тәсілі бізге де қажет. Осылай етсек, дүшпан Киелі кітапты оқуымыздың кедергі жасай алмайды.

Киелі кітапты белгілі бір уақытта, бәрінен дұрысы – ертемен оқуды әдетке айналдыруымыз қажет. Киелі Рухтан Сөздің мәнін ашуды, оны түсініп, өмірде қолдана алуынды сұра. Сонда сен көп кешікпей Зәбүрдің жыршысындай:

«Сенің сөздерің қадамдарымды жарқыратады, Өмір жолыма шырақтай нұрын шашады», – деп айта аласың.

### *Mінәжат етудегі тұрақтылық*

Киелі кітапты оқу мен мінәжат етудің қатар жүргені дұрыс. Бұл, әрине, саған қыын, шайтан аузынды жауып, бүкіл ойынды сан-саққа жүгіртпі жібергендей болып көрінуі мүмкін. Мінәжат етіп отырғанда көзіңе үйқы тығылуы да ғажап емес. Егер осылай болып бара жатса, мінәжатты дауыстап айтуға тырыс. Мінәжатты көркемдеп айту жағын ойламай-ақ қой. Мәселе әдемі сөздерде емес: Құдай жүрекке

қарайды. Шын жүргегімен сиын. Құдайға ойындағы ауыртпалықтың бәрін айт.

Егер қалай мінәжат ету керектігін білмесен, Құдай Сөзі саған көмектессін. Оқығаныңды мінәжатқа айналдыр. Құдай Сөзін оқып отырып: “Мен осындаймын ба? Менде осы қасиеттер бар ма? Мен бұл жайында білемін бе?” – деген сауалдарды өзіңе қоя отырып оқы. Егер сен ондай болмасаң, онда мұны мінәжаттың негізі етіп ал. Сөйтіп, сен Киелі кітаптың көмегімен мінәжат етуді үйренесің.

### **Сенушілермен қарым-қатынаста болу**

Сенушілермен қарым-қатынаста бол. Егер сен тұрған жерде қауым болса, сонда барып, ондағылардан өзінмен бірге мінәжат етулерін өтін. Егер жақын манда қауым болмаса, онда сенушілермен кездесіп бас қосудың кез келген мүмкіндігін пайдалан, олармен бірге Киелі Жазбаны оқып, мінәжат ет. Бұл жаңыңды сергітіп, рухани нығайтатынына көзің әлі-ақ жетеді. Егер жақын жерде сенушілердің қауымы немесе Киелі кітап үйірмесі болмаса, онда рухани әдебиеттерді оқы, конференцияларға қатыс. Бұған қазіргі кезде әркімнің қолы жетеді.

Дегенмен, ең бастысы – Исаға жақын бол. Исаның жын-пері туралы айтқан мысалын еске түсір: үйден шығып, сусыз жерлерді кезіп келген ол шықкан үйіне қайтып оралғанда, үйдің сыптырылып, жиналғанын көреді. Сонда ол қайта барып, өзінен де қатігез жеті жынды алып келеді; сөйтіп адамға кейінгісі бастапқысынан да жаман болмақ.

Бұл мысал бізді сақтандырып, біздің Исамен бірге болып, Оның Киелі Рухын жүрекпен қабылдауымыз қажет екенін ескерте ді. Егер біз қорғанышсыз қалсақ, дүшпан қайта оралып, өз билігін қайта орнатады.

### Құдаймен одағымыз

Шайтанның шырмауынан құтылғыңқелсегұдаймен бірлікті нығайт, әрауақытта Онымен біржолата одақтас болып қал. «Иса, менің жүрегіме енші, ақтық деміме дейін өмірімді Сенімен бірліктे өткізгім келеді», – деп мінәжат ет. Шайтанның шырмауынан босануға болады, алайда бұл үшін күш жұмсау қажет. Мұны көптеген күөлер де растайды. Міне, солардың бірі: “Осыдан он екі жыл бұрын мен өуестіктің арқасында қартамен бал ашушиға барған едім. Ал төрт жыл бұрын маған тілме ауруын дуа арқылы жазып берді. Бал аштырғаннан кейін араға біраз айлар салып, аяқ астынан басыма өзімді-өзім өлтіру туралы ой келді де, ешбір себепсіз үйдің төртінші қабатынан секіре жаздадым. Сол кезден бастап осы ойдан арыла алмай-ақ қойдым, мұның мен үшін қауіпті болғаны сонша, тіпті кейде осы арпалыста есімнен алжасып қаламын ба деп қорқатын болдым. Ал сыртынан қарағанда бәрі тыныш секілді, тіпті тамаша десе де болады. Өзімді-өзім өлтіру туралы соңғы ой өткен жылдың тамыз айында көкейіме қайта оралып, мен суға кетпек болдым. Сол кезде мен адамды кісендеп, уысынан шығармайтын дүлей күш туралы оқыдым және естідім. Мен қатты тынышсыздандым, жаным жай таба алмай, күні-түні сиындым, әйтпегенде, ақылымнан айырылып, өзімді-өзім өлтірер едім.

Сондай бір үйқысыз өткен түнде, маған Құтқарушы Иса Мәсіх келді: мен кенет селт етіп, тіпті денемнен шайтанның шырмауының қалай сыптырылып түскенін сезіндім. Сөйтіп, көктен күткен тыныштық жүргіме орнап, сауыққанымды айқын білдім.

Содан бері мен басқа адаммын, Тәнірімнің қорғауында екенімді анық білемін. Бостандық беретін, бәрін жеңетін күш тек қана Исада... Енді қазіргі жағдайыма қуанышпен, ризашылықпен қарай отырып, болашығыма үмітпен қадам басамын".

### *Аудармашының соңғы сөзі*

Адамзат баласының бойында баға жетпес бір асыл байлық бар. Ол – денсаулық. Халқымыздың: "Әуелгі байлық – денсаулық" деуі де сондықтан болар. "Тәні саудың – жаны да сау", деген мәтелдің де мәні осыған саяды. Бірақ бізді қоршаған ортадағы экологиялық ауыр жағдай, басқа да қын тіршілік мәселелері ет пен сүйектен жаралған адамның басын ауыртып, балтырып сыйзаттай қоймайды ғой. Осындайда "басқа түскен баспақшыл" демекші, денсаулыққа дем берер, ажалға араша тұрар адамды іздейміз. Міне, қауым бағушысы Эрнст Модерзонның қолыңызға ана тілінде тиіп отырған "Шайтанның шырмауында" деген кітабы, осы "баспақшыл" болған сіздерді өзөзілдің "шырмауына" түсіп қалудан сақтандырады.

Кітап осыдан сексен жылдан астам бұрын жарық көргеніне қарамастан, бүгінгі оқырманның да ойынан шығады деген ниеттеміз.

## **Мазмұны**

Алғы сөз .....	3
Бұл кітапты жазуға неге бел байладым .....	5
Киелі Жазба нәдейді? .....	12
Балалардың бандықашалу .....	13
Белгілер мен құбылыстарды пайымдау .....	17
Сиқыршылық, көзбайлаушылық .....	21
Аруақтарды шақыру .....	26
Оккультизмнің кейбір түрлері .....	33
Сүйелді дуалау .....	33
Тіс ауруын және басқа ауруларды дуалап оқыту .....	36
Құтқарылу мейрамының сұы және емдеудің басқа да магиялық тәсілдері .....	39
«Аспан» хаттары мен «отты» хаттар .....	42
Мұсаның 6 және 7-кітаптары .....	42
Сиқыршылықтың салдары .....	45
Жан тыныштығының жоқтығы .....	46
Өзін-өзі өлтіру туралы ойлар .....	47
Қырсық ойлар .....	48
Құдайдың Сөзін түсінбеушілік .....	49
Әлім туралы ойлар .....	50
Картамен бал ашу және оның зардабы .....	53
Спиритизмнің нәтижесі .....	61
Ыңдыс айналдыру .....	62

Магнетизм .....	65
Қауіпті тәжірибелер .....	66
Көз байлау (гипноз) .....	69
Теософия .....	74
Спиритуализм .....	76
Астрология .....	80
Шайтанның шырмауынан қалай құтылуға болады? .....	82
Күнәні мойындау .....	82
Тәубеге келу – сананың өзгеруі .....	84
Сенім және сиыну .....	86
Мінажатпен қолдау .....	87
Оразаттұту .....	88
Қол қойып сиыну .....	89
Алғыс айту .....	91
Исаның атын атап шақыру .....	92
Құдайға қарсы ойларды айтпау .....	92
Сиқыршылықтың заттарын және кітаптарын құрту .....	93
Киелі кітапты тұрақты түрде оқу .....	93
Дұға етудегі тұрақтылық .....	94
Құдай балаларымен қарым-қатынаста болу ...	95
Құдаймен одақ құру .....	96
Аудармашының соңғы сөзі .....	97

Осы кітап жайлы ой-пікіріңіз немесе сұрақтарыңыз болса, мына мекен-жайға хабарласыңыз:

050031 Алматы  
п/ж 68  
«ШЫFYС СӘУЛЕСІ»

liokaz@pactec.kz  
Commercom@topmail.kz  
www.shsaulesi.at.ua

"Веретельный"

баспаханасында басылды.

Есік қаласы, Бөлек,

Заводская көшесі, 7.

Таралымы – 5000 дана.